

ҚАЗАҚСТАН

Шамамен 15,6 миллион халқы бар Қазақстан Республикасында Президент Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясы үстемдік ететін парламенттік жүйе қалыптасқан. Конституция билікті президенттің қолына шоғырландырған; президент аймақтық және жергілікті билік органдарын бақылайды, заң шығару және сот билігіне елеулі ықпал етеді. Өзгерістер мен толықтырулар конституцияға президенттің рұқсатымен енгізіледі. Ресми қорытындыларға сәйкес, «Нұр Отан» партиясы 2007 жылғы Мәжіліс (парламенттің төменгі палатасы) сайлауында 88 пайыз дауыс жинап, ондағы барлық орынды жеңіп алды. Жергілікті және халықаралық бақылаушылар өткен сайлау барысында дауыс беру үдерісінде кейбір оң өзгерістер болғанын атап өткенімен, сайлаудың бірқатар халықаралық стандарттарға сай келмейтінін, нақтырақ айтқанда, заң шеңберінде жұмыс істеу және дауысты әділ есептеу мен жіктеу тұрғысынан кенже қалғанын сынға алды. Азаматтық билік органдары қауіпсіздік күштерінің үстінен пәрменді бақылау жүргізді.

Адам құқықтарына қатысты мынадай мәселелер орын алды: азаматтардың өз үкіметін өзгерту құқықтарын қатаң шектеу; әскердегі кісі өліміне әкеп соққан әлімжеттік; қамауға алынғандар мен түрмеге жабылғандарды қорлау; түрмелердегі денсаулыққа қауіпті жағдай; заңсыз тұтқындау және қамауға алу, тәуелсіз сот жүйесінің жоқтығы; сөз, баспасөз, жиналу және ұйымдарға бірігу бостандығын шектеу; әсіресе құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде кеңінен тараған сыбайлас жемқорлық; саяси партияларды тіркеу талаптарының тыйым салу сипатында болуы; үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына шек қою; әйелдерді кемсіту және оларға зорлық-зомбылық көрсету, адам саудасы және қоғамдық кемсітушілік.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ

1 БӨЛІМ

Адамның қадір-қасиетін қорғау, оның ішінде мыналарға қарсы бостандықтар:

а. Абайсызда немесе заңсыз түрде өзгенің өмірін қию

Үкіметтің немесе қандай да бір үкіметтік органның абайсызда немесе заңсыз кісі өлтіргені туралы хабарламалар болған жоқ.

Қамау орындары мен өзге құрылымдарда адамдарды қорлау жиі орын алды.

4 тамызда апелляциялық сот 2008 жылдың тамызында Каспий теңізі шекара сақшыларының балықшылар қайығына оқ атып, екі азаматты өлтіргені жөніндегі іс бойынша капитан Руслан Шүршеновке қарсы шығарылған үкімнің күшін жойды. Апелляциялық сот Шүршеновтің әрекетінде қылмыстық негіз болған жоқ деп тапты. 2 маусымда әскери сот Шүршеновті бейбіт адамдарды заңсыз өлтіргені үшін алты жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесті. Шекара басшылығының айтуынша, сақшылар қайықтағылардың атқан оғына жауап ретінде қару қолданған. Жергілікті қауым мен ақпарат құралдары оқ атудың қажеттігі болмағанын айтты.

Әскердегі әлімжеттік соңы кісі өлтіру, өз-өзіне қол жұмсау және ауыр жарақаттануға әкеп соқтырды. Үкіметтің мәліметі бойынша, 2009 жылы арты өліммен бітпеген 93 әлімжеттік оқиғасы тіркелген, ал 2008 жылы осындай 115 әлімжеттік болған еді. Үкімет жыл бойына әлімжеттік салдарынан орын алған кісі өлімдеріне байланысты статистиканы жариялаған

жоқ. Әскердегі өз-өзіне қол жұмсау жайттарының саны былтырғыға қарағанда айтарлықтай өзгерген жоқ. Өкімет 16 суицид оқиғасы болғанын хабарлады; 2008 жылы мұндай 15 жағдай тіркелген болатын.

8 мамырда Алматы қалалық әскери соты Жамбыл облысындағы «Гвардейский» бөлімшесінің екі жауынгерін әскерге жаңа шақырылған 19 жасар Елеусізовке әлімжеттік көрсетіп, оны 2008 жылдың желтоқсанында өзіне қол жұмсауға итермелегені үшін бес жарым және алты жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды. Ақтау қалалық әскери бөлімшесіне жаңадан шақырылған жауынгер Мұхамбетқалиев басқа жауынгердің соққысынан қаза болды. Мұхамбетқалиевтің өліміне байланысты Ақтау қалалық әскери соты дәл сол бөлімшеге жаңадан шақырылған жауынгер Несіпбаевты алты жылға абақтыға жабуға шешім шығарды.

ә. Жоғалып кету

6 сәуірде полиция журналист Оралғайша Жабайқызының 2007 жылы жоғалып кетуіне қатысы бар деген күдіктіні қамауға алғанын жариялады. Ішкі істер министрлігі (ІІМ) 2007 жылы оның жоғалып кетуі Алматы облысының билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық, этносаралық қақтығыстар және қылмыстық іс-әрекеттер туралы жазған сериялық мақалаларының қатысы жоқ деген қорытындыға келген. Жылдың аяғына дейін бұл іс туралы қосымша ақпарат болған жоқ.

б. Азаптау және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекет пен жаза түрлері

Заң бұндай әрекеттерге тыйым салғанымен, полиция мен түрме қызметкерлерінің кейбір кезде қамауға алынғандарды қылмысты мойындату үшін соққыға жығып, қорлаған кездері болды. Адам құқықтарын қорғау белсенділері азаптаудың заңдағы анықтамасы тым шашыраңқы және оның БҰҰ стандарттарына сәйкес келмейтінін, ал сол әрекет үшін кесілетін жаза тым жұмсақ екенін айтады. Бас прокуратура мен адам құқықтары омбудсмені құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерінің тергеу барысында азаптау және басқа заңсыз әдістерді қолданатынын мойындады. Адам құқықтарын қорғаушылар мен халықаралық заңдылықтың сақталуын бақылаушылар тергеу амалдары және прокурорлық шаралар айыпталушының қылмысын дәлелдеуге қажетті басқа айғақтар жинауға емес, айыпталушыға қылмысты жасағанын мойындатуға ғана бағытталып жататынын хабарлады. Жалпы алғанда сот айыпталушылардың азап немесе қысым көргендіктен қылмысты мойындауға мәжбүр болғандарын айтқан сөздеріне құлақ асқан жоқ.

Мамыр айындағы Қазақстанға сапары барысында БҰҰ-ның азаптау және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекет пен жаза түрлері жөніндегі арнайы бақылаушысы Манфред Новак бірнеше түрме мен қамау орнын тексерді. Оның бастапқы пайымы бойынша азаптау елде кең таралаған, бірақ қалыптасқан жазасыздық жағдайы полицияға қылмысты мойындату мақсатында шектен шығатын қатты соққыға жығу және қылқындыру секілді әдістерді пайдалануға мүмкіншілік береді. Полиция азаптау туралы шағымдарды тергеуді өте сирек жүргізді. Новактың айтуынша, ол адам құқықтарын бақылаушылар зорлық-зомбылық жиі орын алады деп көрсеткен Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне (ҰҚК) қарасты екі қамау орнына барған. Новактың БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесте жасалатын қорытынды баяндамасы жылдың аяғына дейін жарияланбады.

Астана қалалық соты 14 тамызда «Жамағат әл-Фараби» атты экстремистік діни топтың жұмысына қатысқандары үшін Қуат Жоболаев пен Жасұлан Сүлейменовке қарсы қылмыстық іс қозғады. Қорғаушыларының айтуынша олар ҰҚК тарапынан жасалған қатты қысымның нәтижесінде кінәларын мойындаған. Қазақстанның өзге де азаматтарымен бірге олар осы жылы Ресейдің Ингушетия Республикасында тұтқындалған болатын. Прокурорлардың айтуынша, полиция олардың пәтерінен экстремистік әдебиет пен қару-жарақ тапқан.

Омбудсмен мекемесі жыл ішінде 1090 азаматтан шағым түскенін мәлімдеді.

Қарағандылық полиция қызметкерлері 24 наурызда кісі өлтірді деген күдікпен 22 жастағы Николай Багаутдиновты тұтқынға алды. Ақпарат құралдарының хабарларында полиция офицерлері Багаутдиновты қатты соққыға жығып, кінәсін мойындауға мәжбүрлеген делінген. Кейіннен полиция оны заңды асыраушысының қамқорлығына жіберді, ол келтірілген жарақаттар жайлы дәрігерлерден құжат жинап, болған оқиғаны баспасөз арқылы көпшілікке жария етті. Халықтың наразылығынан соң бес полиция қызметкері сол ісі үшін әкімшілік сәгіс алды. Багаутдиновтың қорғаушысы осы оқиғаға байланысты тергеудің басталуына қол жеткізді, бірақ Багаутдиновтың айып тағудан бас тартуына байланысты ол іс тоқтатылды.

Елдегі үкіметтік емес ұйымдардың бірі - Адам құқықтары жөніндегі бюроның мәліметі бойынша Степногорскідегі сотқа дейінгі қамау орнының түрме сақшылары 20 наурызда екі тұтқынды ішкі тәртіпті бұзып, көтеріліс жасауға тырысты деген айыппен қатты соққыға жыққан. Тұтқындардың біреуі беті мен қабырға сүйектері сынып, ауруханаға түскен. Адам құқықтары жөніндегі бюро омбудсменнің және Бас прокуратураның атына осы оқиғаны мұқият тексеруді талап етіп шағым түсірді. Бірақ Бас прокуратура бұл істе офицерлер ешқандай заңбұзушылыққа бармаған деген тұжырым жасады.

Сәуірдің 22-сінде ҰҚК қызметкерлері Атырауда үш балықшыны қаскерлікпен айналысты деп айыптап, және өздерінің айтуынша тұтқында болған кезінде оларды соққыға жыққан. ҰҚК балықшылардың тұтқыннан босатылғанын айтса, балықшылардың өздері ақпарат құралдарына қамаудан қашып шыққандарын айтты. Олардың үшеуі де ішкі жарақаттарымен ауруханаға жеткізілген, ал балықшылардың біреуінің миы шайқалған. ҰҚК қызметкерлері ешқандай заңбұзушылық болмағанын айтып, «қаскерлік істеді» деген айып тағып, балықшыларға қарсы қылмысты іс қозғады. Бұл іс жыл аяғына дейін шешімін тапқан жоқ.

Бас прокуратура 2008 жылы болған 146 қылмыспен салыстырғанда осы жылы әскердегі әлімжеттік пен билікті асыра пайдаланушылыққа байланысты 167 қылмыс орын алғанын мәлімдеді.

Үкімет әскердегі әлімжеттік істерін тергеп, сондай қорлыққа қатысы бар жауынгерлердің үстінен іс қозғап, бір жылда 34 істі сотқа жіберді. Қорғаныс министрлігі арнайы тексерулер жүргізіп, аға офицерлерден өз бөлімдеріндегі жағдай туралы жүйелі есеп талап етті.

Түрмелер мен қамау орындарындағы жағдай

Түрмелердегі жағдай ауыр күйінде қалды, ал түрме жайлары халықаралық денсаулық стандарттарына сай болмады. Дәрігерлік көмектің жетіспеушілігі әлі де мәселе күйінде қалып отыр. Үкіметтік емес ұйымдардың мәліметі бойынша, қамаудағылардың жартысына жуығы, әсіресе ВИЧ/СПИД, туберкулез және өзге жұқпалы аурулардан емделу үшін дәрігерлік көмекті қажет етіп отыр. Полиция абақтыларында, сотқа дейінгі қамау орындарында және түрмелерде жәбір көрсету жайттары орын алды. Қазақстан үкіметі түрмеде жазасын

өтеушілерді қорлауға итермелейтін жүйелі әрекеттерді жоюға қадам жасады: қамау орындарының үстінен бақылау жүргізетін жергілікті комиссиялардың жұмысын жалғастырды, олардың түрмелерге кіре алуын одан әрі жеңілдетті, түрме қызметкерлеріне арналған тренингтер, ІІМ-нің полиция қызметкерлеріне арналған семинарлар өткізді. Билік органдары жылдың аяғына дейін жеті түрме қызметкеріне зорлық көрсетті деген айып тақты, сыбайлас жемқорлыққа байланысты 30 тергеу ісін бастап, нәтижесінде 23 адамға айып тақты.

Үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық бақылаушылар түрмелер мен қамау орындарындағы жағдайдың бір жыл ішінде жақсармағанын мәлімдеді. Бақылаушылар қамауға алынғандар мен бас бостандығынан айырылғандардың жәбір көретінін, ал әкімшілік қызметкерлеріне арналған кәсіби біліктілікті арттыру курстарының жоқтығын алға тартты. 2008 жылдың ақпан айында Конституциялық Кеңес тұтқындардың наразылық көрсетуі мен денелерін кескілеу әрекеттерін қылмыстық іс қатарына жатқызатын 2007 жылы сәуірдегі заңнамаға енгізілген өзгерістердің күшін жойды.

Үкімет өткен жыл ішінде қамалған 43 адамның тергеу изоляторларында қайтыс болғанын және 59 адамның өз өмірлерін өздері қиғанын хабарлады. Олардың алтауы сотқа дейінгі қамау орындарында, ал 49 тұтқын түрмеде, және төртеуі полиция абақтысында өз-өздеріне қол жұмсаған.

Түрмелерді бақылаумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың арқасында жиналған соңғы статистикалық мәліметке сәйкес елде 50 843 адам түрмеде отырса, және 8 298 адам сотқа дейінгі тергеу орындарында қамауда отыр. Тұтқындардың 47 265-і ер, 3 129-ы әйел, ал 449-ы - кәмелетке толмағандар. Ерлер мен әйелдер және кәмелетке толмағандар бөлек ұсталады. Ал тергеу орындарындағылар түрмедегілерден бөлек ұсталады. Саяси тұтқындар басқа қылмыскерлерден бөлек ұсталды деген мәлімет болған жоқ.

Түрмелердегі ауыр жағдай мен қорлыққа наразылық білдірген тұтқындардың өз денелерін өздері кескілеу оқиғалары жалғасын тапты; жыл барысында 86 тұтқынның қатысуымен болған осындай 28 оқиға орын алды. Бұлардың басым көпшілігі - тұтқындардың топтасып, өз денелерін өздері бірге кескілеген жайттар.

Сәуірдің 13-і мен 16-сында Солтүстік Қазақстандағы ЕС-164 түрмесінің 30-ға жуық тұтқыны түрмедегі ауыр жағдайға және әкімшілік тарапынан көрсетілетін зорлыққа наразылық білдіріп, өз денелерін өздері кескіледі. Бірнеше тұтқын Петропавл қаласының ауруханаларына жатқызылды, бірақ түрме басшылары оларға орын алған оқиғаны талқыламау жөнінде бұйрық беріпті деген ақпарат бар. 15 сәуірде түрме басшылары қамалғандар тұтқындардың бірінің жұбайы жемқорлықпен айналысты деп айыпталып, түрмеге жабылғанына наразылық білдірген деген мәлімдеме таратты. Қаржы полициясы 16 сәуірде бұл шараны ұйымдасқан қылмыстық топ ұйымдастырды деп айтыптады. 1 маусымда полицейлер қамаудан босап шыққан тұтқынды ұстап, соққыға жыққан. Кейіннен ол мұны өзінің түрмедегі оқиға туралы ашық пікір айтқаны үшін кек алу шарасы деп атады.

Аса қатаң тәртіптегі Долинка түрмесінің бес тұтқыны 13 мамырда түрмедегі адам төзгісіз жағдайға және әкімшілік тарапынан көрсетілетін зорлыққа наразылық білдіріп, өз денелерін өздері кескіледі. Олардың жарақаттары түрме ішінде емделді.

Азаматтық қоғам белсенділері Әділет және Ішкі істер министрліктерінің қоғамдық қадағалау кеңестерімен, сонымен бірге адам құқықтары омбудсменінің азаптауға қарсы жұмыс тобымен

бірге түрмелер мен қамау орындарындағы жағдайды бақылауға күш салды. Дей тұрғанмен, көптеген бақылаушылар бұл кеңестердің тәуелсіз еместігін немесе анық белгіленген құзіреті не болмаса билігі жоқтығын айтып, сынға алды.

в. Заңсыз тұтқындау немесе қамауда ұстау

Заң заңсыз тұтқындау немесе қамауда ұстауға тыйым салады, бірақ бұл салада мәселелер шешілмеген күйінде қалды.

Полиция мен қауіпсіздік органдарының рөлі

ПМ негізінен ішкі қауіпсіздікке, оның ішінде қылмыстық және әкімшілік заң бұзушылықты тергеу және олардың алдын алуға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға жауапты ұлттық полиция күштерін басқарады. Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі (Қаржы полициясы) әкімшілік және қылмыстық тергеу жүргізуге құзіретті. ҰҚК шекара қауіпсіздігі мен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, лаңкестікке қарсы күресу, заңсыз немесе тіркелмеген экстремистік және әскери ұйымдар, саяси партиялар, діни бірлестіктер, кәсіподақтар сияқты топтарды тергеу және олардың жолын кесуде құқық қорғаушының рөлін атқарады. Ақпан айында үкімет Президентке тікелей қарайтын «Сырбар» атты сыртқы барлау қызметін құрды. ҰҚК мен Қаржы полициясы тікелей президентке есеп береді.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің жариялаған сауалнама нәтижесіне сай, халықтың 35 пайызы үкіметтің өздерін азаматтық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіруден, әсіресе полиция мен сот тарапынан нұқсан келтіруден қорғай алатынына сенбейді. Халық полиция жұмысының пәрменділігін төмен, ал құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары деп бағалайды. Басшылар жыл барысында 61 полиция қызметкерін сыбайлас жемқорлығы үшін жұмыстан шығарды.

Осы жыл ішінде ПМ сенім телефоны желісін ашып, оған полицияның сыбайлас жемқорлығы мен билікті асыра пайдаланғаны туралы 173 шағым түсті. Министрлердің көбі, оның ішінде премьер-министр де бар, жеке блогтарын ашып азаматтарға шағымдану мүкіндігін берді.

Құқық қорғау шараларын үйлестіретін кеңеске Бас прокурор төрағалық етеді. Оның құрамына өзге құқық қорғау органдарының басшылары кіреді. Басқа міндеттерімен қоса бұл кеңес құқық қорғау органдарының үстінен түскен шағымдарды тексереді.

ПМ үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, жергілікті деңгейде полиция қызметкерлеріне арнап адам құқықтары туралы семинар-тренингтер өткізді. Үкімет халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, тергеу машықтарын жетілдіру жолдарын үйрету арқылы қорлауды азайтуды көздейтін саны шектеулі семинар-тренингтер өткізді.

Тұтқындау және қамауға алу

2008 жылы тамызда үкімет тұтқындауға рұқсат беру құзіретін прокурордан алып, сот билігі тармағына тапсыратын заң қабылдады. Прокурорлардың қолында тінту және тәркілеу секілді тергеу әрекеттеріне рұқсат ету құзіреті бұрыннан бар. Заң бойынша, полицияға қамауға алынған адамды айып таққанға дейін 72 сағат ұстауға рұқсат етілген. Адам құқықтарының

орындалуын бақылаушылар бұл мерзімнің тым ұзақ екенін сынап, билік органдары бұл мерзімді қысым көрсету және қылмысты мойындатқызу мақсатына пайдаланатынын айтты. Қамауға алынғандарды кепілдікке уақытша босату жүйесі болғанымен, ол кеңінен қолданылмады. Көптеген азаматтар сот басталғанға дейін тергеу изоляторларында қала берді.

Қамауға алынған, тұтқындалған немесе қылмыс жасады деген айып тағылған адамдар қамауға алынған, тұтқындалған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокаттың көмегін алуға құқылы. Дей тұрғанмен, заң полицияны қамауға алынған адамға адвокаттың көмегін алуға қақысы бар екенін ескертуді міндеттемейді, іс жүзінде полиция оны ескертпейді. Адам құқықтарының орындалуын бақылаушылар полиция қызметкерлерінің қамауға алынған азаматтарды адвокатпен кездеспеуге көндіріп, адвокат келгенге дейін бастапқы жауап алу арқылы дәлелдемелер жинап, кейбір жағдайларда дәлелдемелер жинау үшін сыбайлас жемқор адвокаттарды пайдаланғандарын айтты. Заң бойынша, күдікті немесе айыпталушы жасы кәмелетке жетпеген, ақыл-есі кем немесе мүгедек болса, я оған ауыр қылмыс жасады деген айып тағылмақшы болса, үкімет оны адвокатпен қамтамасыз етуге тиісті. Іс жүзінде қоғамдық қорғаушылардың айыпкерлерге көмектесуге дайындығы нашар және бұл істегі тәжірибелері аз болды.

Кейбір айыпкерлерге өз қорғаушыларын таңдауға жол берілмеді, себебі оларға қарсы қозғалған істер мемлекеттік құпияға қатысты деп танылды, ал заңға сәйкес ондай істерге тек арнайы рұқсаты бар заңгерлер қатыса алады. «Алма-Ата Инфо» газетінің шығарушысы және редакторы Рамазан Есіргепов құпия құжаттарды жариялады деп сот арқылы айыпталған кезде мемлекеттің рұқсат берген тізімінен қорғаушы алмай, өзін өзі қорғауға шешім қабылдады. Қаржыны жымқырды деп айыпталған мемлекеттік «Қазатомпром» уран өңдеу компаниясының бұрынғы басшысы Мұхтар Жәкішевке қарсы қозғалған істе ҰҚК Жәкішевтің өз адвокатымен кездесуіне кедергі жасады, себебі заңгердің тиісті рұқсаты болған жоқ. Сондықтан Жәкішев рұқсат алған адвокаттар тізімінен өзіне қорғаушы таңдауға мәжбүр болды, тек содан соң ғана онымен кездесуге рұқсат алды.

Прокурорлардың мәлімдеуінше азаматтарды заңсыз тұтқындау күрделі мәселе болып қалып отыр. 2008 жылдың тоғыз айының ішінде билік органдары сотқа дейінгі қамау мекемелерінде заңсыз отырған 17 адамды босатты, және 675 адам полиция абақтыларынан заңсыз тұтқыннан босатылды. Үкімет жыл бойындағы статистиканы жарияламағанымен, ақпарат құралдары кем дегенде 207 заңсыз тұтқындау оқиғасын жария етті.

Билік өкілдері ара-тұра өкіметке қарсы шыққандар мен оларды сынағандарды, кейде рұқсатсыз жиын өткізді деген секілді шағын заңбұзушылықтары үшін қамауға алып отырды. Дегенмен, саяси астары бар ұзақ мерзімдік тұтқындаулар жайында шағым түскен жоқ.

г. Істі әділ де ашық сотта қараудан бас тарту

Заң тәуелсіз сот жүйесімен тиісті дәрежеде қамтамасыз етпейді. Атқарушы билік сот тәуелсіздігін шектеп отыр. Прокурорлар жалған сот төресі рөлін атқарды, оларға сот шешімдерін уақытша тоқтату өкілдігі берілді.

Сыбайлас жемқорлық сот үдерісінің әрбір сатысы мен деңгейінде көрініс тапты. Судьялар ең көп жалақы алатын мемлекеттік қызметкерлердің қатарында болғанымен, заңгерлер мен адам құқықтарын бақылаушылардың айтуынша, судьялар, прокурорлар және басқа шенеуніктер

қылмыстық істердің көпшілігіне үкім шығарғанда оны әлдекімнің пайдасына шешу үшін адамдарды пара беруге итермелейді.

Сот жүйесі үш буыннан: аудандық, облыстық (аймақтық) және Жоғарғы соттан тұрады. Аудандық соттар барлық дерлік қылмыстық істерді қарайтын алғашқы инстанция болып табылады. Аймақтық соттар ауыр қылмыстық істерді және жергілікті соты жоқ ауылдық жерлердегі істерді қарайды. Аудандық соттың шешімі туралы шағымды аймақтық сотқа жіберуге болады, ал аймақтық соттың кесіміне Жоғарғы сотта дау айтуға болады. Бұлармен қоса әскери соттар бар. Олар әскери қызметкерлерге қатысы бар деп танылған азаматтық тұлғалардың қылмыстық істерін қарау құзіретіне ие. Әскери соттар мен азаматтық соттар бір қылмыстық кодексті қолданады.

Конституциялық Кеңес сайлау және референдум мәселелерін реттейді, Конституцияға түсініктеме береді, Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін анықтайды. Азаматтардың тікелей Конституциялық Кеңеске шағымдануға қақысы жоқ.

Президент тағайындайтын Жоғарғы сот кеңесі Президентке Жоғарғы сот судьялығына кандидаттарды ұсынады, ал Президент өз кезегінде оларды Сенатқа мақұлдауға жібереді. Кеңес төменгі деңгейдегі барлық соттарға судьялыққа үміткерлерді Президентке ұсынады, ал Президент оларды тікелей өзі тағайындайды. Судьялар өмір бойына қызметке тағайындалады. Парламент Президенттің ұсынысы негізінде Жоғарғы сот судьяларын қызметтерінен босата алады, ал Президент төменгі деңгейдегі соттардың судьяларын орындарынан ала алады.

Істің сотта қаралу тәртібі

Айыпталушыларға кінәсіздік презумпциясы берілген және олардың өздеріне қарсы айғақ бермеуге қақысы бар. Мемлекеттік құпия жария болатын немесе азаматтың жеке өмірін не болмаса отбасын қорғау мақсатынан басқа жағдайларда соттар ашық түрде өткізілді. Дегенмен, журналистер мен бақылаушылардың ашық сот отырыстарына жіберілмегендері жайлы мәлімдемелер болды.

2006 жылы қабылданған заңнамалық актілерге сәйкес, ауыр қылмыстық істердің алқа билер сотында қаралуы жыл барысында одан әрі жалғасты. Бақылаушылар алқа билерін таңдау әрқилы мәнерде жүргізілгенін, сотқа қатысушылардың жаңа жүйені білмегенін және алқа билерімен бірге кеңесетін судьяның істе үстемдік етуге бейім болғанын атап айтты. Дегенмен бақылаушылардың айтуынша ақталу шешімдердің саны өсті. Жыл ішінде алқа билер қатысқан 47 сот мәжілісі болып, 69 айыпталушының ісі қаралды; алқа билері 32 адамға айыптау үкімін шығарып, 14 адамды ақтады. Айыпталушылардың 16 ісін қарастырған екі сот шешімі апелляцияға жіберіліп, жыл аяғына дейін шешілген жоқ.

Қылмыстық істердегі айыпталушылар адвокат қызметіне ақы төлей алмаса, үкімет тарапынан қамтамасыз етілетін адвокат жалдауға және заңдық кеңес алуға қақылы. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, егер айыпталушы жасы кәмелетке жетпеген, ақыл-есі кем немесе мүгедек болса, сот үдерісі жүргізілетін тілде сөйлемесе, не болмаса оған 10 не одан да көп жылға түрмеге жабылу қаупі төнсе, оның адвокаты болуы тиіс. Іс жүзінде, адвокаттар қылмыстық істердің тек жартысына ғана қатысқан деген ақпар бар, оның бір себебі, . үкіметтің адвокаттарға ақы төлеуге жеткілікті қоры болмаған. Заң, сондай-ақ,

айыпталушыларға өз ісін қарайтын сотқа қатысуға, сотта сөз сөйлеуге және өзін қорғайтын куәгер шақыруға құқық береді.

Алматы облыстық соты 20 қазанда төменгі деңгейдегі соттың 3 қыркүйекте шығарған белгілі адам құқықтарын қорғаушы Евгений Жовтисті жол апаты салдарынан адам өлтіргені үшін төрт жылға бас бостандығынан айыру туралы үкімін күшінде қалдырды. Бұл үкім 26 маусымда Жовтистің өз көлігімен жаяу жүргіншіні қағып өлтіргеніне байланысты шығарылды. Алматы облыстық сотының 10 желтоқсанда өткен алқа мәжілісінде сот Жовтис қорғаушыларының талабын орындамай, апелляциялық соттың шешімін қайта қараудан бас тартты. Жыл соңына дейін Жовтистің өз ісін қайта қарауды талап етіп шағымданатын-шағымданбайтыны жайлы анық ақпарат болмады. Жергілікті және халықаралық адам құқықтарын қорғаушылар мен бақылаушылар сот жүйесінде көптеген кемшілік болғанын қатты сынға алды. Кейбір бақылаушылар үкіметті көп сынайтын Жовтиске қатысты шығарылған қатаң үкімнің саяси астары бар деген пікір айтты.

Саяси тұтқындар мен қамауға алынғандар

Жергілікті және халықаралық адам құқықтарын қорғаушы үкіметтік емес ұйымдардың айтуынша, Евгений Жовтистің түрмеге жабылуы елдің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ету қарсаңында үкіметке сын айтушы ең белсенді адамның үнін өшіруге бағытталған деп санайды.

Азаматтық сот амалдары және сот қорғауы

Экономикалық және азаматтық сот судьялары азаматтық істерді қарағанда қылмыстық істер сотының құрылымын көбіне қаз-қалпында қайталайды.

Заң мен конституцияға сәйкес, азаматтық дау-дамай сотта шешіледі. Іс жүзінде бақылаушылар азаматтық сотты жемқор және сенімсіз деп санайды. Бақылаушылар азаматтық істегі тараптардың әсіресе сот әкімшісіне белгілі бір сомада ақша төлеуге келіспеген кезде сот шешімін жүзеге асыруда көп қиындық көргенін айтты.

ғ. Жеке өмірге, жанұяға, үйге немесе хат-хабарға заңсыз қол сұғу

Конституция мен заң мұндай әрекеттерге тыйым салады, дей тұрғанмен, үкімет кейбір кездері бұл құқықтарды бұзып отырды.

Заң прокуратураға азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеуге кең мүмкіндік береді. ҰҚК, ІІМ, Қаржы полициясы және басқа органдар Бас прокуратураның келісімімен жеке хат-хабар және қаржы құжаттарының құпиялығын, сонымен қатар, жекеменшік үйге қол сұғылмау құқығын бұза алады. Сот прокуратураның шешімін даулайтын істерді қарауы мүмкін, бірақ ол қол сұғуды тоқтатуға шұғыл бұйрық бере алмайды. Парламент 3 маусымда Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгертулер енгізіп, полицияға рұқсат ордерінсіз-ақ телефонмен болған әңгімені тыңдауға және оны таспаға жазып алуға мүмкіндік беретін жағдайлардың тізімін ұзартты және бұрынғыдай өте шұғыл әрі өте жоғары маңыздағы істермен қоса маңыздылығы орта деңгейдегі істерде де жеке өмірге қол сұғу мүмкіндігі берілді.

Үкіметтің қарсыластары мен олардың отбасы мүшелері өздерінің жүріс-тұрыстары мен телефон шалыстарын үкіметтегілердің анда-санда бақылап отырғанын хабарлаумен болды.

2 БӨЛІМ

Азаматтық бостандықтарды қорғау, соның ішінде:

а. Сөз және баспасөз бостандығы

Конституция мен заң сөз және баспасөз бостандығына кепілдік береді, дей тұрғанмен, үкімет БАҚ-ты бақылап, ой-пікір білдіру бостандығын шектеу үшін заң-ережелер, қуғындау, лицензиялау ережелері, Интернетті шектеу, қылмыстық және әкімшілік іс қозғау сияқты әртүрлі амал-айлаларды пайдаланды. Үкімет шенеуніктерінің журналистер мен ақпарат құралдарын жала жапты деп азаматтық және қылмыстық сотқа беруі ақпарат құралдарының жабылуына және олардың ішкі цензураны қалыптастыруына әкеп соқты.

Үкімет адамдардың ел басшылығын сынау мүмкіндігін шектесе, жергілікті басшылар жергілікті ақпарат құралдарының өздері туралы сыни пікір айтуын шектеуге тырысты. Заң Президентке және өзге жоғары лауазымды шенеуніктерге тіл тигізуге тыйым салады. Үкімет тыйым салынған саяси-экстремистік қозғалыс – «Хизб-ут-Таһрирдың» ұнпарақтар таратуын саяси және террорлық мақсаттағы азғыру әрекеті деп бағалап, оны конституция кепілдік беретін сөз бостандығынан тыс деп сипаттауын жалғастырды.

Мемлекеттік статистикаға сәйкес, 2973 ақпарат құралының 20 пайызы үкіметтің меншігінде болды. Көптеген жекеменшік газеттер мен теледидар стансалары мемлекеттен субсидия алды. Ірі агенттіктер мен тәуелсіз болып саналатын телерадио арналарының айтарлықтай көп бөлігі Президенттің жанұя мүшелері мен сенімді жолдастарының бақылауында делінген холдингтердің меншігінде болды. БАҚ бостандығын бақылаушылар республикалық жеті телеарнаның басым көпшілігі толықтай немесе жартылай үкіметтің меншігінде деп есептейді. Жергілікті әкімшіліктер бірнеше телерадио жиілігін меншіктенген, ал тәуелсіз арналар осы жиіліктердің көбін пайдаланады.

Ақпарат құралдарының барлығынан Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелу талап етіледі, бірақ веб-сайттарға бұл талап қойылған жоқ. Президент б ақпанда БАҚ туралы заңға өзгертулер енгізу туралы заңға қол қойып, жоғары басшылығы ауысқан жағайда ақпарат құралын қайта тіркеуден өтуді және сұхбатты жазып алардан бұрын алдын ала рұқсат сұрауды талап ететін ережелерді алып тастады. Лицензиялау жүйесі ашық-жария емес. 18 сәуірде өткізілген үкіметтік тендер нәтижесі бойынша ірі қалалар мен облыстарда радио жиіліктердің барлығы үкіметтің өзі қалаған компанияларға берілді. Сол сияқты үкімет 2008 жылдың қаңтарында тележиіліктерге жаңа лицензиялар беру бойынша тендер өткізді, бірақ БАҚ-ты бақылаушылар үкіметтің тендер нәтижесін алдын ала шешіп қойғанын және жаңа тележиіліктердің барлығының үкімет қалайтын компанияларға берілгенін мәлімдеді. 2008 жылдың мамырында үкіметке тиесілі «Самғау» холдингі «Хабар» агенттігі акцияларының 49,9 пайызын аукцион барысында сатып алды, дегенмен аукционның басқа қатысушылары мен акциялардың бағасы жарияланған жоқ. Алайда, қоғамдық белсенділер мен бірнеше саясаткер бұл сауданы әділ емес деп сынап, үкімет ақпарат құралдарын бақылау билігін нығайту мақсатында бұл процесті қолдан ұйымдастырды деп айып тақты.

Заң бойынша шетелдік бағдарламаларды ретрансляциялау көлемі стацияның жалпы эфир уақытының 20 пайызынан аспауы керек. Үкімет осы заң негізінде бірде-бір телерадио агенттігінің жұмысын тоқтатпағанымен, бұл кішігірім, әлі толық дами қоймаған, өз бағдарламаларын қалыптастыруға ресурстары жоқ жергілікті телеарналарға ауыр тиді.

Журналистерге қысым жасау және зорлық-зомбылық көрсету шешілмеген мәселе күйінде қалды. Сөз бостандығын қорғайтын «Әділ сөз» үкіметтік емес ұйымы жылдың алғашқы жеті айында 188 журналиске қысым жасау және зорлық-зомбылық көрсету оқиғасы тіркелгенін хабарлады. Алдыңғы жылдың 11 айында мұндай 226 оқиға болған-ды. Оппозициялық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін немесе ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық туралы хабар беретін журналистер өздерін үкімет қызметкерлері мен жекелеген адамдардың қуғындайтынын және қорқытып-үркітетінін мәлімдеді.

18 қаңтарда «Азат Еуропа/Азаттық» радиосының штаттан тыс журналисі әрі осы ақпарат құралы веб-сайтының редакторы Ермек Болтайға белгісіз біреулер шабуыл жасады. Баяндамаға жүгінсек, көшеде бірнеше адам Болтайдан ақша талап еткен, ол бермейтінін айтқан соң, оған қоқан-лоққы көрсеткен. Полиция оқиға бойынша «бұзақылық» бабы бойынша іс қозғағанымен, жыл соңына дейін дейін ешқандай күдіктіні қолға түсірген жоқ.

8 тамызда жабық түрде өткен сот отырысында Тараз қалалық соты «Алма-Ата Инфо» газетінің бас редакторы әрі шығарушысы Рамазан Есіргеповті мемлекеттік құпияға жататын құжаттарды жариялағаны үшін айыпты деп тауып, оны үш жылға бас бостандығынан айыруға шешім шығарды. Ол 2008 жылдың қарашасында өзі басқаратын газетте ҰҚК-нің құпиялы деген құжаттары мәшһүр етілген мақала жариялағаны үшін айыпты деп танылды. 13 тамызда бөлек өткізілген Жоғарғы сот отырысы нәтижесінде «Алма-Ата Инфо» газеті айыпты деп танылып, сот құпиялы құжаттарды жариялағаны үшін газеттің шығуын үш айға тоқтату туралы төменгі деңгейдегі соттың үкімін күшінде қалдырды. Жамбыл облыстық соты 22 қазанда Есіргеповтің шағымын қабылдамай, бастапқы сот үкімін өзгертусіз қалтырды.

22 желтоқсанда Алматыда белгісіз біреулердің ұрып-соғып, азаптауы кезінде алған жарақаттары салдарынан қырғызстандық оппозициялық журналист Геннадий Павлюк қайтыс болды. Олар 16 желтоқсанда Павлюктің қол-аяғын скотчпен байлап, оны алтыншы қабаттағы терезеден құлатып жіберген делінеді. Ақпарат құралдарының хабарлауынша, Павлюк жыл соңына дейін Қырғызстанда оппозициялық газет пен Интернет порталын ашуға ниет танытып жүрген. 28 желтоқсанда ПМ осы іске байланысты бірнеше күдіктіні қамауға алғанын жария етті, олардың барлығы - Қырғызстан азаматтары. Бұған қоса ПМ күдіктілер жайында, немесе оқиға себептері жөнінде ешқандай қосымша мәлімет берген жоқ. Жыл соңына дейін тергеудің нәтижелері жарияланған жоқ.

Үкіметтің ақпарат құралдарына қысым көрсету оқиғалары өткен жылы да тіркелді. «Әділ сөз» үкіметтік емес ұйымының мәлімдеуінше жергілікті «ТДК-42» телестансасының басшылары қаңтар айында осы арнаның журналисі Лұқпан Ахмедияровты жергілікті әкімге «Туыстарыңыз бұдан былай да бұрынғыдай мемлекет қаржысын жұмсай бере ме?» деген мазмұнда сауал қойғаннан кейін жұмыстан шағарды.

2006 жылы күшіне енген, ақпарат құралдарының жұмысын шектейтін заң бойынша күштеп жабылған баспасөз құралдары туралы мәліметтер болған жоқ. БАҚ туралы заңға енгізілген өзгерістер БАҚ иелерінен бас редакторы, мекен-жайы немесе басылымының шығу жиілігі өзгерсе, ақпарат құралын қайта тіркеуді міндеттейді; жала жапты деп айыпталған адамның өзге ақпарат құралында басқарушы редактор қызметін атқаруына тыйым салады; сот үкімімен жабылған ақпарат құралының атына ұқсас атпен жаңа ақпарат құралын тіркеуге рұқсат бермейді; қазақ және орыс тілдеріндегі бағдарламалардың жалпы эфирлік уақытын

талап етілген 50 де 50 пайыз мөлшерінде жүргізбегені үшін айыппұл салуды көздейді, сөйтіп БАҚ-ты үкіметтің бақылауын күшейтті.

Мемлекеттік құпияны жария етуге және таптық, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни үстемдікті, мейірімсіздік пен зорлық-зомбылықты уағыздауға тыйым салатын түзетулер негізінде үкімет ақпараттың мазмұнын шектей алады. Ақпарат ресми тараптан таралмаған жағдайда оның мазмұны үшін ақпарат құралының шығарушысы, редакторы, таратушысы және журналистер азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Үкімет осы ережені баспасөз бостандығын шектеу мақсатына пайдаланды. Заң «экстремизмді» жарнамалайтын немесе дәріптейтін кез келген мәлімдемені жарыққа шығаруға тыйым салады. Халықаралық заң мамандары ел үкіметі бұл терминнің мағынасын әлі толық анықтаған жоқ деп санайды.

Үкімет президентті тікелей сынағысы келетін ақпарат құралдарын құқық қорғау шаралары немесе азаматтық сотқа беру әрекеттері арқылы қорқытып отырды. Бұл шаралар ақпарат құралдарын үрейлендіргенімен, үкімет саясатын сынға алу тоқтаған жоқ.

Мемлекеттік құпиялар туралы заң бойынша президенттің денсаулығы, табысы немесе жеке өмірі жайлы ақпарат, сонымен қатар, елдің минералды ресурстары мен мемлекеттің шетелдік несие берушілерге қарыздары сияқты экономикалық мағлұмат беру қылмыстық іс деп саналады. Заңдық тұрғыдан дауға ұшырмас үшін ақпарат құралдары президент пен оның жанұясы туралы мәліметке келгенде ішкі цензураға жүгінеді.

Жеке тұлғалар жала жапты деген айыппен үкіметтің атынан өзге тұлғаларды қылмыстық сотқа бере алады, сотқа берген адам осындай айып бойынша азаматтық сотқа да жүгіне алады. Үкімет шенеуніктері ақпарат құралдарының өздеріне жағымсыз мәлімет таратуына тосқауыл қою үшін заңның жала жабу және ар-намысына нұқсан келтіру ережелерінің шектеуші тетіктерін пайдалануды жиілетті. Қылмыстық кодекс те, Азаматтық кодекс те біреуге жала жапқаны үшін азаматтың мойнына үлкен жауапкершілік артады. Ақпарат көзінің қайдан екеніне қарамастан, жарияланған ақпараттың ақиқаттығын тексеруді шығарушы да, редактор да, таратушы да, баспахана мен журналист те тексеруі керек деп міндеттейтін заң нормасы баспасөздің барлық сатысында ішкі цензураның орнығуына себеп болды. Кей кездері жала жапқаны үшін тағылған айыппұл көлемі тым үлкен болды, бұл кейбір БАҚ-тардың жабылуына себеп болды.

Бақылаушылар алдыңғы жылмен салыстырғанда «нақақ жала жапты» деген бап бойынша журналистер мен ақпарат құралдарына қарсы қозғалған істер санының артқанын хабарлады. Алматы қалалық апелляциялық соты 26 ақпанда оппозициялық «Тасжарған» газетін Парламент депутаты Ромин Мадиновтың ар-намысына нұқсан келтірді деп тауып, оған 30 миллион теңге (шамамен 200 000 АҚШ доллары) айыппұл төлеуі тиіс деген үкімет шығарды. Апелляциялық сот бұның алдында аудандық сот кескен айыппұл мөлшерін үш миллион теңгеден (20 000 доллар) көтеріп жіберді. Ақпарат құралдарының құқықтарын қорғаушы ұйымдардың айтуынша, айыппұлды өсіру шешімі прецедент тудырып, басқа журналистерге үлкен ескерту жасағандай болды. Айыппұлды төлеуге жағдайы болмаған басылым жұмысын тоқтатты.

Алматы қалалық соты 9 қыркүйекте «БТА банктің» «Республика» апталығына қарсы түсірген «жала жапты» деген шағымын растап, газетке 60 миллион теңге (шамамен 400 000 доллар) айыппұл төлеу жөнінде үкім шығарды. Банктің пайымдауынша, газетте жарық көрген

банктің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мақаланың кесірінен банк депозиттерінің көлемі төмендеп кеткен. Сот өкілдері 18 қыркүйекте газеттің таралымын тартып алып, газет басшылығының банкідегі есеп-шотын жауып тастады. Алматы қалалық соты 29 қазанда газеттің шағымын қанағаттандырмай, төменгі деңгейдегі соттың шешімін өзгертусіз қалтырды. Қыркүйектің 21-і мен 23-де қаржы полициясы қызметкерлері газет басылып жатқан «Комета-С» баспаханасына басып кіріп, «Республика» және басылып жатқан басқа да газеттерді тәркілеп әкетті. Газет басшылығының айтуынша, басқа баспаханалар газетті басудан бас тартты, себебі олар билік органдарының жазасынан қорықты. Жылдың аяғына дейін газет шығарушылар басылымды көшірме жасайтын машинамен шығарып отырды.

Петропавловск қалалық соты 6 ақпанда «Время» газетінің редакторы Виктор Мирошниченконы облыстық полиция басқармасы директорының орынбасарына жала жыпты деп айыптап, моральдық нұқсан келіргені үшін 250 000 теңге (шамамен 1670 доллар), ал басылымға 100 000 теңге (670 доллар) айыппұл төлету жөнінде үкім шығарды.

Интернет бостандығы

Бақылаушылар үкіметтің электронды пошта мен Интернеттегі әрекеттерге бақылау жүргізгенін, оппозициялық веб-сайттарға бөгет жасап, не болмаса олардың жұмысын бәсеңдеткенін және Интернеттегі чат бөлмелеріне үкіметті жақтайтын үгіт таратқанын айтты. Интернет қызметімен қамтамасыз ететін компаниялардың жұмысын (үкімет меншігіндегі «Қазтелеком» мен жекеменшік «Нұрсат» компаниялары) үкімет реттеп отырды. Осыған қарамастан, веб-сайттарда үкіметті сынайтын пікірлер мен өзге сан алуан көзқарастар білдіріліп жатты. Үкіметтің статистикалық ақпараттарына сәйкес, елде 1,2 миллион тұрақты (басым бөлігі қалалық тұрғындар) Интернет қолданушы бар (жалпы халықтың 7 пайызы).

Президент 11 шілдеде Интернет жұмысын реттейтін заңдарға өзгертулер енгізу туралы заңға қол қойды. Көптеген жергілікті және халықаралық бақылаушылар өзгертулерді Интернеттегі сөз бостандығына шектеу қояды деп сынады. Жаңа заңнама веб-сайттарды, соның ішінде чаттар мен блогтарды, «таратылатын ақпараттық өнім» деп атап, оларды БАҚ туралы заңның құзіретіне кіргізді. Интернеттегі ақпаратты «Таратылатын ақпараттық өнім» анықтамасының аясына кіргізу мақсатында оның мағынасын кеңейтті. Бұл үкіметтің сайлау науқаны кезінде немесе ұлтаралық зорлық-зомбылықты насихаттағаны үшін, веб-сайттарды қоса алғанда, ақпарат құралдарын жауып тастауына кеңірек мүмкіндік береді.

Ақпараттандыру және байланыс агенттігі (АБА) «.kz» доменіне тіркелу тәртібін бақылап отырды. Егер тұтынушылар елдегі серверлердің орналасқан жерін көрсете алмаса, агенттік олардың доменінің жұмысын уақытша немесе мүлдем тоқтата алады. Бақылаушылар ақпарат құралдарын тіркеу тәртібінің тым көп шектеу қоятынын және билікті асыра пайдалануға мүмкіндік беретінін айтып, сынға алды.

Баспасөз бостандығын бақылайтын «Әділ сөз» қоғамдық бірлестігінің мәлімдеуінше, Live Journal веб-сайтына үкіметтің қойған тосқауылы жыл бойы мезгіл-мезгіл қайталанып отырды, дегенмен, бұл веб-сайтқа басқа серверлер арқылы еркін кіруге болады. Үкімет жоғары лауазымды қызметкерлердің арасында телефон арқылы болған әңгімелердің аудиожазбасы мен жазбаша нұсқасын жариялағаны үшін веб-сайтқа 2007 жылдан тосқауыл қоя бастады.

Оппозициялық бағыттағы zona.kz веб-сайты өзіне ақпан мен сәуірде және мамырда 10 күнге созылған ұйымдасқан кибер-шабуыл жасалғанын хабарлады. 13 ақпанда оппозициялық

«Республика» газетінің сайтына кибер-шабуыл жасалып, оның жұмысына кедергі келтірілді. Екі басылымның да басшылығы бұл шабуылдар үкімет туралы сыни пікір жазғандығының кесірінен болды деп есептеді.

Ғылыми бостандық пен мәдени шаралар

Үкімет жалпы алғанда ғылыми бостандықты шектеген жоқ, дегенмен, білім және ғылым қызметкерлеріне, өзге азаматтармен бірдей, президенттің ар-намысына тиюге тыйым салынған.

ә. Бейбіт жиналу және ұйымға бірігу бостандығы

Жиналу бостандығы

Заң шектеулі деңгейде жиналу бостандығына кепілдік береді. Іс жүзінде бұл құқық айтарлықтай деңгейде шектелген, полиция бейбіт демонстрацияларды тарату үшін күш қолданды. Заңда әлеуметтік және саяси тұрақтылықты бұзатын ресми рұқсат етілмеген жиындар, қоғамдық жиналыстар, шерулер, митингтер, ереуілдер ұйымдастыруға және заңсыз тосқауылдар қоюға «ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін әрекеттер» деген анықтама береді.

Қоғамдық жиын туралы заң бойынша ұйымдар жергілікті әкімшіліктерден кем дегенде 10 күн бұрын шеру немесе қоғамдық жиналыс өткізуге рұқсат сұрауға тиісті, әйтпесе бұндай іс-шара заңсыз деп есептеледі. Оппозиция мен адам құқықтарын бақылаушылар қиын да бұлыңғыр рұқсат алу тәртібі мен 10 күн бұрын ескерту талабы ұйымдардың қоғамдық жиындар мен митингілер ұйымдастыруын қиындатып жіберді деп шағым айтты, олардың пікірінше, жергілікті әкімшіліктер демонстрация өткізу туралы өтініштердің көпшілігін қабылдамай тастаған. Үкімет ресми рұқсат етілмеген жиындар мен саяси партиялардың жиналыстарын ұйымдастырушыларды қысқа мерзімге қамауға алып, айыппұл салды. Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия 10 қыркүйекте баспасөзде жариялаған 2009-12 жылдарды қамтитын Адам құқықтарын жүзеге асырудың ұлттық жоспары қоғамдық жиынды реттейтін заңдардың халықаралық стандарттарға қайшы келетінін және оның талаптары бұлыңғыр екенін мойындап, 2010 жылдың аяғына дейін жиындар туралы жаңа заңнамаларды қабылдауды ұсынды.

«Азат» партиясының Алматы қаласы әкімшілігінен митинг өткізуге ресми рұқсат алғанына қарамастан, Бас прокуратура 21 ақпанға белгіленген шеруді өткізбеу туралы нұсқау берді. Бірнеше газетте «Азаттың» халықты шеруге шығуға шақырған үндеуі басылған соң Бас прокуратура бұл мәлімдемеде Қылмыстық Кодексте «саяси экстремизмге» жатқызылған «әлеуметтік және таптық араздықты насихаттау нышандары бар» деп шешті. Прокурорлар шеруге қатысқандардың барлығын «әлеуметтік және таптық араздықты қоздырғаны» үшін жауапқа тартамыз деп қорқытты.

Билік органдары өткен жыл ішінде алдын ала рұқсат алынбаған бірқатар жиындарды күшпен таратты. Ақпан айында билік органдары дәл сол күнге және дәл сол уақытқа белгіленіп қойған шаралар бар деп бірнеше азаматтық топтардың елдің әртүрлі аймақтарында ұйымдастырмақ болған наразылық жиындарын өткізуге тыйым салды. 21 сәуірде полиция Алматының бас алаңында журналистермен тілдеспен болған жерінен «Ар.Рух.Нақ» адам құқықтарын қорғау жастар ұйымының 12 мүшесін үш сағатқа қамауға алды. Себебі топ

мүшелері билік органдарынан митинг өткізу туралы рұқсат алмаған. Экономикалық дағдарыстың кесірінен Алматыда наразылық білдіру шараларының саны өсті. Көп жағдайда билік шеру өткізу туралы өтініштерді қанағаттандырмай тастады.

Алматы қаласының әкімшілік соты 21 шілдеде оппозициялық «Азат» партиясының жетекшісі Болат Әбілевті баспасөз бостандығын қолдап 24 маусымда рұқсатсыз шеру өткізгені үшін айыпты деп тауып, 64 800 теңге (шамамен 430 доллар) айыппұл төлеуге үкім шығарды. Әбілевтің айтуынша билік органдары оның шеру өткізуге рұқсат беру туралы өтініштерін қайтарып тастаған. Аталған сот 30 шілдеде «Талмас» қозғалысының жетекшісі Айнұр Құрмановты 24 маусымда рұқсат етілмеген шара өткізгені үшін айыпты деп тауып, 15 тәулікке түрмеге жабу туралы үкімет шығарды.

16 қыркүйекте полиция қызметкерлері Адам құқықтарын қорғау жөніндегі бюрода журналист болып қызмет ететін Андрей Свиридовты Евгений Жовтистің қамалуына қарсы рұқсат етілмеген наразылық шарасын ұйымдастырғаны үшін тұтқындады. Свиридов үш сағатқа созылған қамаудан соң бостандыққа шығарылды. Келесі күні сот оны рұқсат етілмеген шеру ұйымдастырғаны үшін айыпты деп тауып, оған 12 730 теңге (шамамен 75 доллар) айыппұл салды. Свиридовтың әріптесі Виктор Ковтуновский 9 қыркүйекте дәл сондай наразылық шарасын ұйымдастырды, бірақ оның жазасы қатаңырақ болды: сот оған 32 400 теңге (шамамен 216 доллар) айып салды.

Ұйымға бірігу бостандығы

Заң ұйымға бірігубостандығына белгілі бір деңгейде кепілдік береді. Ал іс жүзінде бұл құқыққа айтарлықтай шектеу қойылған. Діни ұйымдарды қоса алғанда, азаматтар құрған кез келген қоғамдық ұйым Әділет министрлігінде және осы министрліктің әлгі ұйым іс жүргізетін әр аймақтағы басқармасында тіркелуге тиісті. Заң қоғамдық немесе діни бірлестіктерден өздерінің нақты қандай әрекеттермен айналысатынын айқын көрсетуді талап етеді. Жарғысында көрсетілгендерден тыс әрекет ететін ұйымдарға ескерту берілуі, айыппұл салынуы, ұйым жұмысының уақытша тоқтатылуы немесе тіпті оның жұмысына мүлдем тыйым салынуы мүмкін. Тіркелмеген қоғамдық ұйымдарға мүше болғаны үшін азаматтар айыппұл төлеу, ұйымды тарату, шартты түрде соттау немесе түрмеге жабу сияқты әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылуы ықтимал.

Тіркелмеген ұйымдарға тыйым салу ережесі көбіне билік органдарының ұйымдардың іс-әрекетіне араласуына сылтау болды. Діни топтарды қоса алғанда мүшелікке адам алатын ұйымдардың жергілікті деңгейде тіркелуі үшін кемінде 10 мүшесі, ал ұлттық деңгейде тіркелуі үшін барлық облыстардың жартысында бөлімшелері болуы тиіс. Саяси партиялар мен кәсіподақтар мүшелікке адам алатын ұйым болып саналады, бірақ оларға бұларға қосымша басқа да арнайы тіркеу талаптары қойылған. 6 ақпанда президент «Саяси партиялар туралы» заңға енгізілген өзгертулерге қол қойды, ол бойынша саяси партияны тіркеу үшін жиналатын қол саны 50 000-нан 40 000-ға дейін төмендетілді. Егер билік органдары қойылған қолдардың растығына күмәнданатын болса, тіркеу процесі мүшелердің саны талап етілген межеге жеткенге дейін созылуы мүмкін. Заң бойынша ұлттық, жыныстық немесе діни негізде партия құруға тыйым салынады. Заң қарулы күштер, ұлттық қауіпсіздік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, және судьялардың кәсіподақтар немесе саяси партияларға мүше болуына тыйым салады.

Алматы қаласының арнайы әкімшілік соты 19 мамырда Владимир Козловты тіркелмеген «Алға» саяси партиясын басқарғаны үшін жауапқа тартып, 127 000 теңге (шамамен 900 доллар) айыппұл төлету жөнінде ұйғарды. 2 маусым күні апелляциялық сот бұл шешімді өзгеріссіз қалдырды. 18 желтоқсанда Әділет министрлігі қолдаушылар тізіміндегі азаматтардың қолдары жарамсыз деп тауып, «Алға» партиясының ресми тіркелу процесін тоқтата тұру туралы шешім шығарды. «Алға» 2006 жылдан бері Әділет министрлігінде ресми тіркеуден өте алмай жүр.

Үкіметтік емес ұйымдар тіркеу тәртібінің біршама реттелгенін айтқанымен, тіркеу үдерісінің өзінде сыбайлас жемқорлық әдеттегі жайт болды. Адам құқықтарын қорғайтын және саяси саладағы үкіметтік емес ұйымдардың тіркелуі кешіктіріліп, олар көп әкімшілік кедергілерге кезікті, дегенмен, үкіметтің ұйымдарды тіркеуден бас тартқаны немесе қандай да бір ұйымды жапқаны туралы мәлімдемелер болған жоқ.

Адам құқықтары жөніндегі бюро, Алматыдағы «Политон» клубы және Семейдегі «Дом» үкіметтік емес ұйымының мәлімдеуінше, үкімет оларға «шетелдік ұйымдардан алынған гранттар үшін салық төлемеді» деген кінә тағып, тексеріс жүргізді. Салық органдары «Политон» және «Дом» ұйымдарының есеп-шоттарын уақытша жауып тастады. Ақпанда Адам құқықтары жөніндегі бюро мен «Политон» клубы өздерінің салық төлегендерін сәтті дәлелдеп шықты. 7 тамызда Жоғарғы сот «Дом» ұйымының үстінен қозғалған дәл осындай іске қатысты үкім шығарып, ұйымды 5 миллион теңге (шамамен 33 000 доллар) корпоративтік салық төлеуге міндеттеді.

2005 жылы қабылданған «Экстремизм туралы» заң бойынша кейбір тыйым салынған ұйымдарға мүше болу қылмыс деп есептеледі. «Хизб ут-Таһрир» осы заң бойынша тыйым салынған бірден-бір бірлестік болды. «Хизб ут-Таһрир» өзін зорлық-зомбылыққа қарсы ұйым деп атағанымен, өшпенділік пен террорлық іс-қимылдарды насихаттаумен айналысты. Оның антисемиттік батыс әлеміне қарсы бағыттағы ызаға толы әдебиеттерінде зайырлы үкіметтерді, оның ішінде Орталық Азия үкіметтерін құлатып, бүкіләлемдік ортақ ислам үкіметін орнатуға шақырумен болды.

б. Дін бостандығы

Конституция мен заң дін бостандығына кепілдік береді және іс жүзінде үкімет жалпы алғанда бұл құқық түріне құрметпен қарады. Дегенмен, жергілікті және облыстық әкімшілік қызметкерлері кей кездері жекелеген топтардың, әсіресе үкімет «дәстүрлі емес» деп атаған діни қоғамдастықтардың діни іс-шараларына шектеу қоюға немесе олардың үстінен бақылау орнатуға әрекеттенді. Конституция елді зайырлы мемлекет ретінде анықтайды, дінге кірмеу құқығын қамтамасыз етеді.

Үкімет діни төзімділік пен әралуандылықты қолдайтынын жария түрде айтуын жалғастырды, дей тұра, үкімет «дәстүрлі емес» діни бірлестіктерді ашық түрде сынап, миссионерлер мен діни материалдардың таралуын бақылауды күшейтетін жаңа заңнама қалыптастыруға шақырды. 12 ақпанда Конституциялық кеңес 2008 жылғы қарашада Парламент қабылдаған дін туралы заңға енгізілген дін бостандығын шектейтін түзетулерді техникалық тұрғыдан Конституцияға қайшы келеді деп тапты. Үкіметтің заң-ережелерді қолданып әрекет етуі кейбір тіркелмеген бірлестіктердің жағдайын қиындатты, өйткені заң бойынша миссионерлер мен діни ұйымдарға міндетті түрде тіркелу талабы қойылған. Діни қоғамдастықтардың

көпшілігі негізінен кедергісіз діни ғибадат еткенімен, жергілікті әкімшілік қызметкерлері кейде кейбір дәстүрлі емес діни бірлестіктердің іс-әрекетін шектеуге тырысты.

Қоғамдағы дінаралық жалпы жылы қарым-қатынас дін бостандығына үлес қосты. Көпұлтты мемлекеттің ұзақ жылдық төзімділік және зайырлылық дәстүрі бар. Әсіресе мұсылман, орыс православиесі, римдік католик және еврей дін басылары қоғамда өздеріне деген сыйластық жоғары деңгейде екенін айтты. Халық, әсіресе ауыл тұрғындары, үкімет «дәстүрлі емес» деп айдар таққан діндерге кей кездері сезіктене қараған. Бір жыл ішінде саны аз және дәстүрлі емес ұйымдарды қоспағанда, барлық дерлік діндердің тіркелген бірлестіктерінің және ғибадат ету орындарының саны артты. Тамыз айында үкімет орта мектеп бағдарламасына дін туралы арнайы пән енгізді.

Дін туралы заңнама Конституция кепілдік берген дін бостандығының аясын тарылтады. Бұл заң бойынша, діни бірлестіктер үкіметте және өз бөлімшелері орналасқан жекелеген облыстарда тіркелуге тиісті. Миссионерлер жыл сайын тіркеліп отыруға міндетті, ал оларды ресми тіркелген діни ұйым қаржыландыруы тиіс. Қолданылатын әдебиеттер мен материалдар тіркеу нысандарымен бірге тапсырылуы қажет; тіркелу кезінде көрсетілмеген материалдарды пайдалану заңға қайшы келеді. Тек тіркелген ұйымдар ғана жылжымайтын мүлік сатып алу немесе жалдау, қызметкерлерді жұмысқа алу және басқа да заңды іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

Іс жүзінде, діни қауымдастықтардың көпшілігі үкіметте тіркелу жолын таңдайды және ақыр соңында тіркеуден сәтті өтеді. Азшылық діни бірлестіктер кей кездері тіркеу процесінің ұзаққа созылғанын хабарлады. Ресми тіркелмеген діни топтар өздеріне қарсы сот әрекеттерінің және тіркелмегендері үшін салынған айыппұл көлемінің көбейгенін мәлімдеді. Кейбір діни бірлестіктер, сондай-ақ, ұлты, отбасы мәртебесі, діни білімі, қызметі және саяси ұйымдарға қатысы туралы мағлұмат беруді талап еткен тіркелу үдерісінің жеке өмірлеріне қолсұғушылық сипатта болғанын сынға алды.

Азшылық діни топтар өз қауымдастықтарына үкімет тарапынан көрсетілетін қысымның артқанын айтты. Бұрынғы Кеңес одағы елдерінде ресми тіркелмеу саясатын ұстанатын «Баптист шіркеулері кеңесі» жыл барысында тіркелмеген бірлестіктің шараларына қатысқандары үшін шіркеуге барушылардың үстінен жаңа сот істері жүргенін айтты. Протестанттық бірлестіктер қаржы полициясының қолсұғушылық сипаттағы тексерістерінің көбейгенін хабарлады. Адам құқықтарын қорғау топтарының мәлімдеуінше Мәдениет және ақпарат министрілігі «қауіпті діни секталар» құрбандарына көмек көрсететін бес дағдарыс орталығын қаржыландырды.

26 қаңтарда Атырау қалалық соты жеті жыл бойына күттіріп қойған жергілікті Әділет басқармасы мен әкімнің шешімдерін жоққа шығарып, «Иегова куәгерлерінің» діни орталығын тіркеу құқығын жүзеге асыру туралы шешім шығарды.

Алматы қалалық апелляциялық соты 10 наурызда екі жылға бас бостандығынан айыруға кесілген «Бірлестік» шіркеуінің мүшесі, Ресей азаматы Елизавета Дреничеваны қамаудан босатты, бірақ оның айыпты деген үкімін өзгертусіз қалтырды. Сот Дреничеваға 1273 теңге (шамамен 8 доллар) айыппұл салды, бірақ апелляция күту барысында қамауда өткізген уақытын назарға алып оны төлеуден босатты. Алматы қалалық соты 9 қаңтарда белгілі бір азаматтар тобының діни ерекшеліктері бойынша үстемдігін насихаттады деп деп Дреничеваны айыптады. Іс қозғауға Дреничеваның сәуір айында Сан Мун ілімі туралы

бірнеше дәріс беруі түрткі болған. Адам құқықтарын қорғаушылар мен халықаралық бақылаушылар бұл шешімді дін бостандығына жасалған шабуыл деп атап, оны қатты сынға алды.

12 маусымда Қарағанды облыстық соты Қарағандыдағы Сайентология шіркеуін жабу жөніндегі Қарағандының арнайы ауданаралық экономикалық сотының мұның алдында шығарған үкімін қолдады. Сайентология шіркеуінің президенті Вадим Витушкин 22 маусымда сот отырысының шіркеу өкілдері немесе олардың заңгерлерінің қатысуысыз өткенін хабарлады. Дәл сол күні өткізілген апелляциялық сол төменгі деңгейдегі сот үкімін өзгертусіз қалдырды.

Иегова куәлерінің мәлімдеуінше, олардың билік органдарымен қарым-қатынастары жақсарған секілді, дегенмен бірнеше рет үкіметтің олардың рәсімдері мен жиналыстарына араласпақ болғанын да мәлім етті.

Жергілікті және шетелдік миссионерлер Әділет министрлігінде жыл сайын тіркеліп, қандай дінге жататыны, миссионерлік жұмыс жүргізетін аймақ және уағыз жүргізетін уақытының шегі жайында ақпарат беріп отыруы керек. Әділет министрлігі іс-әрекеттері қандай да бір заңның, оның ішінде ұлтаралық немесе дінаралық төзімсіздікке шақыруға жол бермеу секілді ереженің талаптарына сай келмейтін миссионерлерді тіркеуден бас тарта алады. Шетелдік миссионерлер, басқа да елге келушілер секілді елге келудің мақсатын айтып, миграциялық полицияда тіркеуден өтуге тиісті. Конституция шетелдік діни бірлестіктерден өз жұмысын, соның ішінде діни бірлестік басшысын тағайындау мәселесін «тиісті мемлекеттік институттармен бірлесе отырып» жүзеге асыруды талап етеді. Шетелдіктерге діни ұйымды тіркеу құқығы берілгенімен, үкімет ұйымды құрушы 10 адамның басым бөлігі Қазақстанның азаматы болуын талап етеді.

Занда миссионерлік іс-әрекеттің анықтамасы көмескі берілген, ал жергілікті билік органдары көп жағдайда елге келген шетелдіктердің кез келген діни іс-қимылын «миссионерлік әрекет» деп бағалап, миссионер ретінде тіркелмегендерді елден қуды. Жыл ішінде 15 шетел азаматы тіркеусіз миссионерлік жұмыс жүргізді деген айыппен елден қуылды.

Бақылаушылардың пайымдауынша, қауіпсіздік қызметкерлері кейбір діни шараларды, нақтырақ айтқанда, мұсылман имамдарының уағыздарын бейресми түрде бақылап отырған. Дей тұрғанмен, ондай әрекеттердің кедергі келтіру немесе қуғындау сипатында болғаны туралы мәлімдемелер болған жоқ. Діни мақсатпен сапар шегуді шектеу туралы мәліметтер болған жоқ.

Ақпарат құралдары жалпы білім беру мекемелерінде жалпы форма кию ережелеріне қайшы келгендіктен, қыздарға хиджаб (мұсылмандардың бас киімі) киюге тыйым салған бірнеше оқиганың болғанын хабарлады. Көпшіліктің үлкен қызығушылығын ескере отырып, 1-4 желтоқсан аралығында Әділет министрлігінің өкілдері теледидарға шығып, Конституцияның кез келген азаматқа қалаған дініне сенуге кепілдік беретінін, алайда жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары қалыптасқан жалпы форма кию ережелеріне бағынуға тиіс деген түсініктеме берді.

2008 жылмен салыстырғанда Алматы қаласының түбіндегі Қарасай ауданы әкімшілігінің «Харе Кришна» озғалысымен арадағы мүлік дауында ымыраға келу бағытында әрекет етіп жатқаны байқалды. Бұл дау аталған қозғалыс пайдаланып отырған Алматы облысындағы

жер теліміне байланысты өршіген еді. Наурыз айында жергілікті билік органдары «Харе Кришнаға» ғибадатхана салуға Алматы маңайынан жер ұсынды, сонымен қатар қауымдастықтың сиырларын жаюға ыңғайлы жер табуға уәде берді. Бұл келіссөздер жыл аяғына дейін жалғасып жатты.

Қоғамдық қорлау мен кемсіту

Бақылаушылардың айтуынша, 12 ақпанда Конституциялық кеңес Дін туралы заңға өзгерістер енгізу туралы 2008 жылдың қарашасында қабылданған заң жобасын қайтарып жіберген соң ақпарат құралдарының «дәстүрлі емес» діни бірлестіктерді сынауы бәсеңсіген. Дегенмен, кейбір азшылық топтары, оның ішінде Евангелиялық христиандар мен сайентологтар туралы, әлі де жағымсыз мақалалар жарияланып жатты. Елде шамамен 30-40 мыңдай иудейлер тұрады. «Хизб-ут-Тахрир» таратқан антисемиттік материалдарды қоспағанда, басқа антисемиттік әрекеттердің болғаны туралы мәліметтер түскен жоқ. Еврей қауымдастығының басшылары үкімет немесе қоғам тарапынан ешқандай антисемиттік әрекеттің болмағанын хабарлады. Осы тақырып бойынша толығырақ мәлімет алу үшін мына мекен-жайдан Дүниежүзіндегі дін бостандығы туралы 2009 жылғы есепті қараңыз: www.state.gov/g/drl/rls/irf.

в. Ел ішінде еркін жүріп-тұру, өз елінде мекенінен айрылған адамдар, босқындарды және азаматтығы жоқ адамдарды қорғау

Заң азаматтарға жүріп-тұру еркіндігін береді, алайда кейбір реттеу шаралары оған шектеу қояды. Үкімет жалпы алғанда бұл құқыққа құрметпен қарады, азаматтар ел ішінде салыстырмалы түрде алғанда оңай жүріп-тұрды. Үкімет босқындарды, саяси баспана сұрағандарды және басқа да қиын жағдайға түскен адамдарды қорғау және оларға көмек көрсету үшін БҰҰ-ның Босқындар жөніндегі басқармасымен (БҰҰББ) және басқа да ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеді.

Елде бес күннен артық болған азаматтар мен шетелдіктерден көші-қон полициясында тіркелу талап етіледі. Елге кірген шетелдіктер белгілі бір шекара бекеттерінде тіркеуге тұра алады. Елдің көп бөлігінде тіркеу рәсімі негізінен қалыпты жағдайға айналған, дегенмен кейбір шетел азаматтары жергілікті билік органдарының тіркеудің алдында пара сұрағанын мәлімдеді. ПМ елде тұру ережелерін өрескел бұзғаны үшін 2008 жыл ішінде 17 545 шетелдікті елден шығарып жіберді. Олардың басым көпшілігі - ТМД елдерінің азаматтары. Үкімет қылмыстық іске күдікті ретінде қатысқандардан тұрақты тұрғынжайынан кетпейтіні туралы қолхат жазуын талап етті, сондай-ақ қылмысқа қатысты деген күдігі болмаса да тәртіп бойынша жеке бастарын анықтау мақсатында адамдарды қамауға алды.

Үкімет уақытша сапарға шығатындардан елден шығу визасын талап етпегенімен, азаматтардың елден шығуына тыйым салған нақты оқиғалар болды, қылмыстық немесе азаматтық істері қаралып жатқандар, бас бостандығынан айыру жазасын өтеп бітпегендер мен әскери міндетін атқаруға борышты адамдарды елден шығуға рұқсат берілмеді. Шекарадан шығуды рәсімдеу барысында жалған құжаттар ұсынған сапар шегушілерге елден шығуға рұқсат берілмейді. Сапарлаушылар борышын өтіп жатқан әскери қызметкерлердің көмегімен бақылауға алынды. Ұлттық қауіпсіздік туралы заң мемлекеттік құпиялармен жұмыс істейтін адамдардың ел аумағынан уақытша шығу үшін өздері қызмет ететін мемлекеттік органнан рұқсат алуын талап етеді.

Заң күштеп жер аударуға тыйым салады әрі үкімет те ондай әрекетке барған жоқ.

Заң азаматтардың басқа елге көшу және елге қайта оралу құқықтарын қорғайды және «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңды қоспағанда, іс жүзінде үкімет бұл құқықтарды негізінен сақтады. Аталған заң бойынша мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеген адамның мемлекеттік қызметтен кеткеннен кейінгі бес жыл ішінде шетелде тұрақты түрде тұруына тыйым салынады. Үкімет эмиграцияға кетушілерден тұрақты шығу визасын талап етеді. Мұндай визаны алу үшін азаматтық қылмыс жасаған-жасамағаны, несие алған-алмағаны тексеріледі, сондай-ақ ата-анасы мен қамқорлығындағы адамдар шығу визасының берілуіне қарсы еместіктерін білдіріп хат жазып беруі керек.

Билік органдары шетелдіктерден Қытаймен шекаралас кейбір аудандарға және әскери бөлімдерге жақын қалаларға баруға алдын-ала рұқсат алуды талап етті. Үкімет әскери базаларға және Байқоңыр ұшыру орталығына жақын орналасқандықтан жекелеген аймақтарды шетелдіктер үшін жабық аймақ деп жариялады. Іс жүзінде шетелдіктер бұл аймақтарға ПМ-нен алдын-ала рұқсат алып кіре алды.

Босқындарды қорғау

Қазақстан Босқындардың мәртебесі туралы БҰҰ-ның 1951 жылғы Жарғысы мен 1967 жылғы Хаттамасына қосылған. 9 желтоқсанда Президент босқындардың тіркелу және құжат алу секілді құқықтарын қамтамасыз ететін Босқындар туралы жаңа заңға қол қойды. Үкімет босқындарды нәсілі, діні, ұлты, белгілі бір әлеуметтік топқа мүшелік еткені немесе саяси көзқарасы үшін өмірлері мен бостандықтарына қауіп төндіретін елдерге шығарып жіберу немесе қайтару әрекеттерінен қорғауды белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етті. Жыл барысында үкімет Өзбекстаннан келген бірде-бір босқынды еліне күштеп қайтарған жоқ.

Тұтқынға алып, тергегені болмаса, іс жүзінде үкіметтің босқындарды және саяси баспана сұраушыларды ел аумағынан күштеп шығарып жіберген немесе отандарына қайтарған жағдайлары болған жоқ. БҰҰББ шілде және тамыз айларында ПМ өкілдерінің және Алматының құқық қорғау органдарының бірнеше ұйғыр босқынын тұтқындап, оларды бірнеше сағат, ал бір оқиға кезінде үш күн бойы қамауда ұстағанын мәлімдеді. БҰҰББ қызметкерлері оларға еш кедергісіз келіп тұрды және олар ешқандай зорлық-зомбылықтың болмағанын айтты.

7 қыркүйекте кейіннен ҰҚК мүшесі болғаны анықталған беттеріне маска киген қарулы адамдар Өзбекстанның және Қытайдан ұлты ұйғыр үш азаматын және саяси баспана сұраған екі адамды тұтқындап, үш сағатқа қамап қойған. Олардың кейбіреулері ҰҚК қызметкерлерінің өздерін «депортациялаймыз» деп үрейлендіріп, бастарына пластик пакет кигіземіз деп қорқытқан. БҰҰББ-ның сауалына жауап берген ҰҚК қамалғандарға қатардағы тексеру амалдары қолданылғанын хабарлады. Ұсталғандардың үшеуі ҰҚК қызметкерлері оларға Өзбекстанда полиция офицерін өлтірді деген айып таққандарын айтты. БҰҰББ үкіметке ресми наразылық хатын жөнелтті.

БҰҰББ-мен ақылдаса отырып үкімет ТМД елдері мен Қытай азаматтарынан басқа саяси баспана сұраған адамдарды тіркеуге алып, олардың мәртебесін анықтады. Тек ел президентінің ғана саяси баспана беруге құқығы бар, алайда жыл барысында мемлекет басшысы ондай бірде-бір шешім қабылдаған жоқ. Кейбір жағдайларда БҰҰББ оларды

қабылдайтын үшінші бір елді тапқанға дейін үкімет саяси баспана сұраушылар мен босқындардың елде қала тұруына рұқсат берді. Үкімет елге келіп қойған босқындарды тіркеуге алғанымен, олардың тұрақты қоныстануына немесе азаматтық алуына рұқсат берген жоқ. Үкімет, сондай-ақ, босқын ретінде санала алмайтындарды, мәселен кейбір ауған босқындарын уақытша қамқорлыққа алды.

Үкімет іс жүзінде ТМД елдері мен Қытай азаматтарына босқын мәртебесін бермейді не паналатпайды. Үкімет ТМД елдерінің арасында визасыз еркін жүруге болатындықтан, олардың азаматтары босқын мәртебесін қажет етпейді деп мәлімдеді. ТМД елдері азаматтары толық қорғалатын босқын мәртебесін емес, мерзімі ұзартылып отыратын «уақытша тұрғын» мәртебесін беретін көші-қон заңы бойынша қаралады. Қытай азаматтарына ешқандай заңды мәртебе берілмейді, бірақ ел басшылығы бейресми түрде оларға түсіністікпен қарайды. Адам құқықтарын қорғаушылар іс жүзінде ТМД елдері мен Қытайдан келген босқындардың ресми мәртебе алуға талпынбағанын хабарлады. БҰҰББ-ның ресми қорғауында болуға тырысқан адамдарға негізінен еш кедергі жоқ. Үкімет БҰҰ-ның Босқындар басқармасының босқын сертификаттарын негізінен заңды деп таныды.

БҰҰББ босқындар мен саяси баспана сұраған адамдарға көмектесуде үкімет жақсы ынтымақтастықта жұмыс істегенін мәлімдеді. Үкімет БҰҰББ өкілдерінің қамауда отырған шетелдіктермен кездесіп, олардың босқын мәртебесін алуға лайықтылығын айқындауына мүмкіндік беріп отырды. Үкімет бұрынғы Кеңес республикаларының бірнеше азаматын қоспағанда, өзге босқындарға негізінен төзімділікпен қарады. БҰҰББ мандатына сәйкес осы басқарма өкілдері саяси баспана сұраушылар деп тапқан адамдардың атынан іске араласқанына қарамастан, үкімет төлқұжаттары жоқ немесе елге заңсыз кірген босқындардың тіркелуіне рұқсат берген жоқ.

Еңбек министрлігінің жанындағы Көші-қон комитеті босқындардың өтініш-шағымдарын қарау барысында БҰҰ-ның Босқындар жөніндегі басқармасымен және «Босқындарға заңдық қолдау көрсету» атты жергілікті қоғамдық ұйыммен бірлесе жұмыс істеуін жалғастырды. ТМД елдеріне ортақ Көші-қон туралы Минск жарғысына сәйкес, үкімет шешендерді босқындар қатарына қоспады. Кез келген ТМД азаматы сияқты, шешендер 180 күндік уақытша заңды тұрғын мәртебесін ала алады. Бұл уақытша мәртебені ұзартуға болады, бірақ жергілікті көші-қон агенттіктері ұзарту үдерісі кезінде өздері қалаған шешімді қабылдай алады. Кейбір жағдайларда олар шешендердің Шешенстанға аман-сау қайта алмайтындықтарын пайдаланып, пара сұраған. Қазақстан басшылығы Қытаймен бір-бірінің аумағында этникалық сепаратистердің паналауына жол бермеу туралы келісімге қол қойды. Адам құқықтарын бақылаушылар бұл келісімнің елде тұрып жатқан қытайлық ұйғырларға тигізер әсеріне алаңдаушылық білдірді және жыл бойы үкіметтің ұйғырларды Қытайға күштеп қайтарғаны туралы хабарламалар болды.

3 БӨЛІМ

Саяси құқықтарды қорғау: азаматтардың өз үкіметін өзгерту құқығы

Конституция мен заң демократиялық негізде, 18 жастан асқан азаматтар жалпыға бірдей дауыс беруі арқылы сайланатын үкіметтің болуына кепілдік береді. Іс жүзінде, үкімет азаматтардың ел басшылығын өзгерту құқығын қатаң шектеді.

Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістер заң шығарушы тармақтың кейбір салалардағы өкілеттілігін арттырғанымен, Конституция билікті әлі де президенттің қолына шоғырландырып отыр. Президент мемлекеттің жоғары лауазымды қызметкерлерінің

көпшілігін тағайындап, қызметтен босатады. Олардың қатарында премьер-министр, үкімет мүшелері, Бас прокурор, ҰҚК-нің басшысы, Жоғарғы сот пен төменгі инстанциялардағы соттардың судьялары, облыс әкімдері, президент және парламент сайлауларын басқаратын Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен екі мүшесі бар. Парламенттің төменгі палатасы президенттің таңдаған премьер-министрдің кандидатурасын бекітеді, ал Сенат президент таңдаған Бас прокурордың, ҰҚК-нің төрағасының, Жоғарғы сот судьяларының және Ұлттық банк төрағасының кандидатураларын бекітуі тиіс. Парламент президенттің ұсынысын бірде-бір рет кері қайтарған емес. Конституцияға өзгеріс немесе түзету президенттің келісімімен енгізіледі. Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістер Президент Назарбаевты президенттікке екі мерзімнен артық сайланбау талабынан босатты.

Үкімет ЕҚЫҰ-ның 2007 жылы Сыртқы істер министрлер кеңесінде мойнына алған демократиялық реформалау міндеттерін іске асыруда бірер қадам жасады. Ақпан айында президент саяси партиялар, парламенттік сайлау және БАҚ туралы заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қол қойды. Азаматтық қоғамның кейбір өкілдері және оппозициялық партия мүшелері бұл заңнамаларды реформаларды тереңдетпейді деп сынға алды және заң шығару үдерісінде жариялылықтың жоқтығын айтты.

Сайлау және саясатқа араласу

Парламенттің төменгі палатасы - Мәжіліске сайлау 2007 жылы тамыз айында өтті. Елдегі Президент Назарбаев басқаратын басты саяси күш - «Нұр Отан» партиясы ресми нәтижеге сай барлық дауыстың 88 пайызын жинап, палатадағы барлық орынды жеңіп алды. Өзге бірде-бір партия парламенттен орын алу үшін қажетті жеті пайыздық дауыс жинай алмады.

ЕҚЫҰ сайлауға берген бағасында соңғы республикалық сайлауларды ұйымдастыруда, әсіресе ОСК жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуде, ілгерілеушіліктердің болғанын мәлімдеді. Дегенмен, берілген баяндамада саяси партияларды тіркеуге қойылатын талаптың шектен тыс қатаңдығы, ел аумағында кемінде 10 жыл тұру, саяси партияға мүше болу сияқты талаптар қою арқылы мемлекеттік қызметке сайлану құқығын шектеу шаралары, мүшелерін Президент Назарбаев тағайындайтын, сайланбайтын орган – Қазақстан халықтары ассамблеясына төменгі палатаның 107 депутатының тоғызын таңдауға мүмкіндік беретін ереже және де сайлауға қатысты өзге де бірқатар заң-ережелер сынға алынды. Оппозиция жетекшілері заң бұзушылық орын алды деп, сотқа 400 арыз тапсырды. Олардың басым көпшілігін сот не қабылдамай, не қанағаттандырмай тастады.

2007 жылы тамызда өткен сайлауда бәсекеге түскісі келген ресми тіркеудегі партиялардың барлығына сайлауға қатысуға рұқсат етілді, дегенмен, конституцияға 2007 жылы мамырда енгізілген өзгерістерде тәуелсіз үміткерлер еш қамтылмаған. Саяси партиялар өз мүшелерінің туған күні мен туған жерін, тұрғылықты мекен-жайын, қызмет орнын және басқа да жеке ақпаратын көрсетуі тиіс. Бұл талап көптеген азаматтардың саяси партияларға кіруіне бөгет болды. Мемлекеттік қызметтегі адамдардан «Нұр Отан» партиясына өту талап етіліп, оларға қысым жасалғаны туралы сенуге тұрарлық мәлімдемелер болды.

Жыл соңындағы мәліметтер бойынша, 10 саяси партия ресми тіркеуде тұр, оның ішінде «Ақ жол», «Азат», Жалпыұлттық Социал-демократиялық партия және Қазақстан Коммунистік партиясы секілді оппозициялық партиялар бар.

Саяси партия тіркелуі үшін жалпы облыстар саны мен Астана және Алматы қалаларының үштен екі бөлігінен кем дегенде 1000 делегат қатысқан құрылтай жиналысын өткізуі тиіс.

Саяси партиялар туралы заңға 6 ақпанда енгізілген өзгерістер бойынша партияның тіркелуін қолдап қол қойғандар саны 50 000-нан 40 000-ға төмендетілді. Партиялар әр облыстан, Астана және Алматы қалаларының әрқайсысынан кем дегенде 700 адамның қолын жинап, ОСК-да, одан кейін әр облыстың сайлау комиссиясында тіркелуге тиісті.

6 ақпандағы «Сайлау туралы» заңға енгізілген өзгертулерге сәйкес бұдан былай екі партиялық парламент болуы шарт, ол үшін екінші көп дауыс жинаған партия 7 пайыздық межеден өтпесе де автоматты түрде Мәжілістен орын алады.

Заң ұлттық, жыныстық немесе діни негізде партия құруға тыйым салады.

Алматы қалалық соты 22 мамырда «Азат» партиясының төрағасы Болат Әбілевті, «Шаңырақ» қозғалысының өкілі Асылбек Қожахметовті және оппозиция өкілі Төлен Тоқтасыновты кісі өлтіру ісі бойынша күдікті адамды жасырды деп ұйғарды. Бірақ сот үш оппозиционерге жаза қолданған жоқ, себебі іске шектеулер қойған ұйғарымның орындалу мерзімі өтіп кеткен. Үш азамат өздеріне саяси себептермен айып тағылды деп мәлімдеп, шағым түсірді. 29 маусымда өткен отырыста Алматы қалалық апелляциялық соты олардың шағымын қағанаттандырмай тастады.

Сенаттағы 47 депутаттың 2-уі әйел адам болса, Мәжілістегі 107 депутаттың 19-ы әйел адам болды. Кабинеттің құрамында бір әйел болса, бір әйел ұлттық агенттікті басқарды. Кей кездері қоғамда қалыптасқан дәстүрлі пікір әйелдердің жоғары лауазымды қызмет атқаруына немесе елдің саяси өмірінде белсенді рөл атқаруына кедергі болды. Дегенмен, заң әйелдер мен азшылық ұлттар өкілдерінің саясатқа араласуын шектемейді. Сенатта ұлты қазақ емес 10 адам болса, Мәжіліс құрамында 27 өзге ұлт өкілі бар. Үкімет мүшелерінің 2-уі өзге ұлт өкілі. Президент, Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістер бойынша, әртүрлі ұлттық және мәдени топтарға өз аттарынан өкіл жіберуге көмектесу мақсатында Сенаттың 15 мүшесін тағайындай алатын болды.

4 БӨЛІМ

Биліктегі сыбайлас жемқорлық пен үкіметтің ашықтығы

Заңда ресми органдардағы сыбайлас жемқорлық қылмысына жаза белгіленген, дей тұрғанмен, үкімет заңды пәрменді түрде іске асырған жоқ, шенеуніктер сыбайлас жемқорлыққа жиі барды және бұл үшін жазаланған жоқ. Атқарушы билікте, әртүрлі құқық қорғау органдарында, жергілікті әкімшіліктерде, білім және сот жүйелерінде сыбайлас жемқорлық кең тараған. ІІМ, Қаржы полициясы, ҰҚК және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік сыбайлас жемқорлықпен күреске жауапты. Оппозиция жетекшілері мен адам құқықтарын қорғайтын үкіметтік емес ұйымдар сыбайлас жемқорлықтың өршігеніне үкіметті кінәлі деп санайады. Дүниежүзілік банктің Әлемдік басқару көрсеткіштеріне жүгінсек, елдегі сыбайлас жемқорлық үлкен мәселе болып қалып отыр.

Бұл жылы үкімет сыбайлас жемқорлықпен күрес науқанын әрі қарай жалғастырды және көптеген жоғары лауазымды шенеуніктер қаржыны ысырап қылғаны және қызмет бабын асыра пайдаланғаны үшін жауапқа тартылды.

24 наурызда сот экономикалық қылмыс жасағаны үшін президенттің бұрынғы көмекшісі Серік Бүркітбаевті алты жылға бас бостандығынан айыруға шешім шығарды. 13 сәуірде ҰҚК Қорғаныс министрінің орынбасары Қажымұрат Майермановты қорғаныс мақсаттарына сауда

жасау барысында өз билігін асыра пайдаланды деген айыппен қамауға алды. 24 мамырда ҰҚК ұлттық уран өңдеу компаниясының президенті Мұхтар Жәкішевті лауазымын асыра пайдаланды деген айыппен тұтқындады. Тергеу жылдың аяғына дейін жалғасып жатты.

Мемлекеттік қызметтің бастапқы және ортаңғы буынындағы адамдар мен кіші саяси тұлғаларға сыбайлас жемқорлық айыбы тағылып, жаза белгіленді. Үкімет жылдың алғашқы 10 айында сыбайлас жемқорлық айыбы бойынша 1693 жемқорлық ісінің ашылғанын мәлімдеді; олардың 626-сы пара алуға, 332-і қызметін асыра пайдалануға, 60-ы лауазымын асыра пайдалануға, 365-і қаржыны талан-таражға салу фактісіне, бесеуі ақшаны «зандастыруға» және екеуі экономикалық контрабандаға байланысты болды. Маусым айында Кеден комитеті жыл басынан бері жемқорлыққа қатысты деп танылған кеден қызметкеріне қарсы 190 қылмыстық іс қозғалғанын айтты. Жоғарғы сот төрағасы Мұсабек Әлімбаевтың 19 маусымда баспасөз өкілдеріне айтуы бойынша, 24 судья жыл басынан бері біліксіздігі үшін жұмыстан кетірілген. Бес судья сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін жауапқа тартылды. 1 қыркүйекте президент Назабаев жаңадан қабылданған әр заңды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сараптамадан өткізіп отыруды, сөйтіп олардың қаржыны жымқыру және қызмет бабын асыра пайдалану әрекеттеріне жол бермейтіндей болуын талап етті.

Заң бойынша үкімет, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік қызметкерлер және ақпарат құралдары азаматтарға құқықтары мен мүдделері туралы мағлұмат беруге міндетті, бірақ іс жүзінде азаматтардың ақпарат сұраған өтініштері уақытында орындалмады.

Парламент бірнеше заң жобаларын, парламенттік талқылауларын және кейбір кездері дауыс беру жазбаларын жариялағанымен, парламенттің көптеген әрекеттері жұртшылықтың назарынан тыс қалып жатты. Аккредитациядан өткен журналистер мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бейне байланыс арқылы бөлек бөлмеде отырып парламенттің кейбір мәжілістерін бақылай алады. Парламент мәжілістерінің жазбалары жұртшылыққа берілген жоқ. Өткен бір жыл бойы парламенттің даулы заңнамаларды талқылауы жұртшылық қауым мен ақпарат құралдары өкілдері үшін жабық жағдайда өтті.

5 БӨЛІМ

Адам құқықтарын бұзу жайттарын халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың тексеруіне қатысты үкіметтің пікірі

Бірқатар жергілікті және халықаралық адам құқықтарын қорғау ұйымдары жалпы алғанда пәрменді жұмыс істеді, оларға адам құқықтарына қатысты істерді зерттеп, жарыққа шығаруда салыстырмалы түрде еркіндік берілді. Дегенмен, үкімет жергілікті және халықаралық адам құқықтарын қорғау ұйымдарының көпшілігінің жекелеген іс-шараларына шектеу қойды. Халықаралық адам құқықтарын қорғау топтары үкіметтің шетін мәселелермен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бақылауды жалғастырғанын хабарлады, соның ішінде олар кеңселеріне полиция өкілдерінің келгенін, кеңселері мен қызметкерлерін қадағалағанын және өзге қуғындау қимылдарын жүргізгенін атап айтты.

Ең белсенді жергілікті қоғамдық ұйымдардың қатарына Халықаралық адам құқықтарын қорғау бюросының Қазақстандық басқармасы, Алматы-Хельсинки комитеті, Тәуелсіз бақылаушылардың республикалық желісі, Адам құқықтарының хартиясы, Халықаралық жаза реформасы және «Әділ сөз» ұйымдары кірді. Бұл ұйымдар кей кездері тіркеу, кеңсе жалдау, техникалық база құру істерінде қиындықтарға тап болды. Сонымен қатар билік өкілдері

олардың құжаттарына тексеріс жүргізді және олардың өкілдері сан алуан заңнамалық шектеулер көргенін мәлімдеді.

22 қыркүйекте белгісіз біреулер «Талмас» қоғамдық ұйымының басшысы Айнұр Құрмановқа үйінің жанында шабуыл жасады. Құрманов пен «Азат» партиясының өкілдері бұл шабуылдың оның кәсіподақтармен бірлесіп атқарып жүрген жұмысымен байланысы бар екенін және билік органдарының оған қатысы бар екенін жариялады. Полиция бұл істі жыл аяғына дейін тергеп біткен жоқ.

Жалпы алғанда үкімет адам құқықтарын қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдар мен көпжақты институттар өкілдерінің елге келіп, жергілікті адам құқықтарын қорғаушылар мен үкімет өкілдерімен кездесуіне бөгет жасаған жоқ. Үкімет ЕҚЫҰ мен оның өкілетті кеңсесімен ынтымақтастық қарым-қатынаста болды. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық көші-қон ұйымы және Халықаралық қызыл крест қоғамы да елде еркін жұмыс істеді.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заң шетелдіктердің, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа коммерциялық емес ұйымдардың саяси істермен айналысуына тыйым салады. Заң коммерциялық емес ұйымдардың салық органдарына өздерінің құрылтайшылары, жұмыс бағыты, шетелдік қаржы көздері, кіріс көлемі, меншігіндегі мүлкі, шығындары және қызметкерлерінің саны туралы мағлұмат беріп отыруын міндеттейді. Халықаралық ұйымдардың тіркелмеген бірлестіктерді қаржыландыруына тыйым салынады.

Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Президент тағайындайтын қоғам мүшелерінен тұратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комиссия шағымдарды қарап, зерттеу жүргізеді, түрлі ұсыныстар жасайды, халықаралық адам құқықтарын қорғау жарғыларының орындалуын қадағалайды, адам құқықтарының ахуалы туралы жылдық есебін жариялап отырады. Комиссияның адам құқықтарының бұзылуын азайтуға немесе өзі берген ұсыныстарды іске асыруға заңды құзіреті жоқ. Комиссия 10 қыркүйекте 2009-2012 жылдарға жасалған адам құқықтарының Ұлттық іс жоспарын халыққа жария етті. Жоспардың жобасын әзірлеуде беделді адам құқықтарын қорғау ұйымдары айтардықтай үлес қосты. Азаматтық қоғам белсенділері бұл құжатты болашағы зор, жақсы дайындалған құжат деп атады, бірақ олар оның орындалатынына күмәнмен қарайды.

Президент тағайындайтын адам құқықтарының сақталуын қадағалайтын омбудсмен азаматтардың мемлекеттік органдардың өз құқықтарын бұзғаны жөніндегі шағымдарын тергейді. Дегенмен, омбудсменге президентке, үкіметтік ведомство басшыларына, парламентке, үкіметке, Конституциялық кеңеске, Бас прокуратураға, Орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа қатысты шағымдарды қарастыру құзіреті берілмеген. Омбудсмен кеңсесі азаматтардың шағымдарын қанағаттандыру мақсатында президентке, үкіметке яки парламентке жүгінуге, халықаралық адам құқықтарын қорғайтын бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасуға, адам құқықтарын бұзу мәселесі бойынша үкімет қызметкерлерімен кездесуге, әскери бөлімдер мен түрмелер секілді кейбір мекемелерге кіруге және тергеу нәтижелерін ақпарат құралдарында жариялауға құзіретті. Омбудсмен, сондай-ақ, адам құқықтарының сақталуы туралы жылдық есебін жариялайды. Бір жыл ішінде омбудсмен анда-санда баспасөз мәслихатын өткізіп тұрды, сондай-ақ тексеріліп жатқан шағымдарды талдайтын баяндамалар жариялап тұрды. Бір жылда омбудсменнің атына 1090 шағым түсті, және ол 119 азаматқа көмек көрсете алды. Шағымдардың көпшілігі омбудсменнің құзіреті жүрмейтін сот шешімдері туралы болды.

Жергілікті адам құқықтарын бақылаушылар адам құқықтарының бұзылу оқиғаларын тергейтін үкіметтік мекемелердің мақтауға тұрарлық жұмыс атқарғанын, нақтырақ алғанда, аса өзекті емес әлеуметтік проблемалар мен билік жүйесінің төменгі сатыларына қатысты мәселелерді шеше алғанын атап өтті. Алайда олар омбудсмен мекемесі мен адам құқықтары жөніндегі комиссияның адам құқықтарының бұзылуын тоқтату не болмаса кінәлілерді жазалау мүмкіндігі шектелгенін айтты. Сонымен бірге, бақылаушылар аталған комиссия мен омбудсменнің адам құқықтарын бұзушылыққа әкеп соққан құрылымдық проблемаларға араласудан аулақ болғанын атап айтты.

6 БӨЛІМ

Кемсіту, қоғамдық қорлау және адам саудасы

Заң азаматтарды ұлтына, жынысына, мүгедектігіне, тіліне немесе әлеуметтік мәртебесіне байланысты кемсітуге тыйым салады, дегенмен, үкімет бұл заңды пәрменді түрде жүзеге асырған жоқ. Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету, адам саудасы, мүгедектерді, гомосексуалистерді және үкіметте қызмет істейтін қазақ емес ұлт өкілдерін кемсіту шешілмеген мәселе күйінде қалды.

Әйелдер

Зорлау заң бойынша қылмыс болып есептеледі. Кісі зорлау, оның ішінде өзінің жұбайын зорлау қылмысы үшін 3 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы берілуі мүмкін. Үкімет «кісі зорлау» қылмысы бойынша 734 адамның сотталғанын мәлімдеді. Заңға сәйкес, егер топталып зорлау сияқты қылмысты ауырлататын жағдайлар болмаса, жәбірленуші шағым бермейінше, прокуратура «кісі зорлау» қылмысы бойынша іс қозғай алмайды. Шағым түскеннен кейін жәбірленуші бастапқы пікірінен танып, тергеуге одан әрі көмектесуден бас тартқан күннің өзінде қылмыстық істі жабуға болмайды. Бұл ереже жәбірленушілерді басқа тараптың мәжбүрлеуінен қорғау үшін жасалған. Кісі зорлау және өз жұбайын зорлау қылмыстары туралы істерді қарауда полиция мен судьялардың құлықсыздық танытқаны жайлы оқиғалар тіркелді.

Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету, оның ішінде әйелдердің отбасында қорлық көру мәселесі шешілмеді. Президент Назарбаев 7 желтоқсанда «Отбасындағы зорлық-зомбылық туралы» заңға қол қойды. Осы заңда алғашқы рет «отбасындағы зорлық-зомбылық» және «жәбірленуші» ұғымдарының анықтамасы берілген. Зорлық-зомбылықтың физикалық, психологиялық, жыныстық, экономикалық секілді түрлері қарастырылған, жергілікті және республикалық биліктің, үкіметтік емес ұйымдардың зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету міндеттері қарастырылған. Сонымен қатар заң зорлық жасаушыны оқшаулауға пәрмен беру механизмдерін белгіледі және оны 24 сағатқа қамауға алуға рұқсат берді. Қылмыстық-процессуалдық кодекс бойынша жұбайына зорлық-зомбылық жасағаны не оны ұрып-соққаны үшін заң бұзушы 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұл басқа кез келген ұрып-соғу қылмысы үшін кесілетін жазамен бірдей.

Үкіметтік емес ұйымдардың хабарлауынша, отбасындағы зорлық-зомбылық саны артып келеді. Жеткілікті ресми статистикалық ақпарат болмағанымен, қоғам белсенділері әрбір төртінші отбасы зорлық-зомбылық жайттарын бастан кешірді деп отыр. Үкімет бір жыл ішінде 761 жанұяда зорлық-зомбылық қылмысы тіркелгенін мәлімдеді. Қоғамдық ұйымдар отбасындағы қорлау қылмысының 40 пайызы полицияға хабарланбайтынын айтты.

Полиция қорлық біреудің өміріне қауіп төндіретіндей болғанда ғана жанұядағы дау-дамайларға араласты. Үкіметтік емес ұйымдардың есептеуі бойынша, полиция мұндай жайттардың тек 10 пайыздайын тергеген. Үкіметтік емес ұйымдар полиция қызметкерлеріне арнап зорлық-зомбылық құрбандарына қалайша көмек көрсету жөнінде семинарлар өткізді.

Үкіметтік емес ұйымдардың хабарлауынша, әйелдер көбіне экономикалық тұрғыдан дәрменсіз болғандықтан өз шағымдарын кері қайтарып алып отырған. Кей кездері полиция әлімжеттік жасағаны немесе зорлағаны үшін жұбайының үстінен шағымданған жәбірленушілерді, істі әрі қарай жалғастырмауға көндіруге тырысқан. Сотқа жеткен отбасындағы зорлық-зомбылық істерінің көпшілігі жеңіл ұрып-соғуға қатысты болып келеді. Бұл істерде сот жәбірленушілерді жалпы режимдегі еңбекпен түзеу колонияларына жабу не болмаса 120 сағаттан 180 сағатқа дейін жұмыс істету жазасына кескен. Жұбайын ауыр соққыға жығу және өзге де ауыр соққыға жығу қылмысы үшін адам үш айдан үш жылға дейін бас бостандығынан айырылса, ең ауыр соққыға берілетін ең үлкен жаза – 10 жылға бас бостандығынан айыру.

Үкіметтің мәліметтері бойынша, Қазақстанда әйелдерге көмек көрсететін 25, ал ерлерге көмек көрсететін 2 дағдардыс орталығы болған. Дағдарыс орталықтарының барлығы үкіметтік емес ұйымдарға ел үкіметінен және халықаралық ұйымдардан бөлінетін гранттық қаражат арқылы қаржыландырылған. Сонымен бірге, зорлық-зомбылық құрбандарына жәрдем беретін біраз шағын қоғамдық ұйымдар бар. Дағдарыс орталықтарының алтауы зорлық-зомбылық көргендерді паналатады.

Жезөкшелік өзекті мәселе болып қалып отыр. Жезөкшелікке заң бойынша тыйым салынбағанымен, күштеп жезөкшелікке мәжбүрлеу, ұйымдасқан қылмысқа қатысы бар жезөкшелік және жезөкше үйін немесе ұясын ашу сияқты жезөкшелікті қолдайтын әрекеттер заңға қайшы болып саналады. Үкімет бір жыл ішінде жезөкшелікке қатысты 169 азаматтың үстінен қозғалған қылмыстық істі тергеді; 164 азамат айыпты деп танылды. Үкіметтік емес ұйымдардың көп жағдайда қылмыстық жезөкше үйлерінің құрамында жергілікті құқық қорғау органдары қызметкерлерінің болғанын айтты.

Сексуалдық мазалау да үлкен мәселе күйінде қалып отыр. Заң сексуалдық мазалаудың тек кейбір түрлеріне ғана тыйым салады. Ал заңгерлер мен гендерлік сала мамандарының айтуынша, қолда бар заңнама бұл мәселені шешуге қауқарсыз деп санайды. Сексуалдық мазалау оқиғалары туралы мәлімдемелер болды, бірақ олардың ешбіреуінде жәбірленуші заң бойынша қорғалған жоқ және де ешкімнің заңмен қудаланғаны туралы хабарламалар болған жоқ.

Халықтың қоныстануы жөніндегі бюро мәліметтеріне сәйкес елдегі бала туу коэффициенті әр 1000 адамға 23 сәбиден келді, туылған әр 1000 баланың 32-сі шетінеген.

Жұптар мен жеке адамдар балалардың санына, дүниеге келетін орны мен уақытына қатысты еркін шешім қабылдауға құқылы, және сол құқықтарын еш қысымсыз, үркіту немесе зорлықсыз жүзеге асыруға толық мүмкіншіліктері бар. Заманға сай контрацепция құралдарына қол жеткізу оңай. Жасы 15 пен 24 аралығындағы әйелдердің 1 пайызынан азы және 15 пен 49 жас аралығындағы ересектердің 1 пайызынан азы ВИЧ/СПИД дертіне шалдыққан, немесе сол аурумен өмір сүріп келеді. Халықтың қоныстануы жөніндегі бюроның мәліметіне сенсек, босанғандардың 99 пайызына арнайы білім алған мамандар

көмек көрсетеді, ал әйелдердің 100 пайызы босанған соң аз дегенде бір рет дәрігердің қарауында болады.

Конституция мен заң еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. 10 желтоқсанда президент жаңа гендерлік теңдік туралы заңға қол қойды, заң «гендер», «гендерлік теңдік», «жынысы бойынша кемсіту» және «бірыңғай жағдай жасау» секілді түсініктерді енгізіп, гендерге негізделген кемсітулерге тыйым салады. Қаржылық және экономикалық дағдарыс еркектерге қарағанда әйелдерге көбірек әсер етті, ерлерге қарағанда әйелдер көбірек жұмыс орындарынан айырылды. Бақылаушылардың айтуынша ауылдық жердегі әйелдер қалалық әйелдерге қарағанда кемсітуге көбірек ұшырайды, отбасындағы зорлық-зомбылықтың жиі құрбаны болады, олардың білім алуға және жұмыс табуға мүмкіншіліктері шектеулі, ақпаратқа қолдары жетпейді және жер мен мүлік құқықтарын кеңінен пайдалана алмайды.

Балалар

Балаға азаматтық берерде оның ел аумағында дүниеге келуі (jus soli) және ата-анасының біреуінің Қазақстан азаматы болуы (jus sanguinis) фактілері негізге алынады. Үкімет бала туу фактілерін дереу тіркеуді талап етеді.

Балалардың құқықтары «Бала құқығы, үйлену және отбасы туралы», «Кәмелетке толмаған балалардың заң бұзушылығының алдын алу туралы», «Мүгедек балаларға әлеуметтік және медициналық көмек көрсету туралы» заңдар мен ел қол қойған осы саладағы БҰҰ конвенцияларына сәйкес қамтамасыз етіледі. Үкімет 2006 жылы Білім және ғылым министрлігінің жанынан Балалардың құқықтарын қорғау комитетін құрды.

Азаматтар 16 жасқа дейін не орта мектепті бітіргенге дейін білім алуға міндетті; балалар бастауыш мектепке көбіне 6 жасында барады. Бастауыш және жалпы орта білім тегін және жалпыға бірдей. Заң бойынша ұлдар мен қыздардың білім алуға теңдей құқы бар. Білім министрлігінің есебіне сәйкес, мектеп жасындағы балалардың 99 пайызы мектепке барған. Заң бойынша босқын және заңсыз көшіп келген балалар мемлекеттік мектептерге бара алады. Кей жағдайларда мұндай балаларды мектептер қабылдамай қойған немесе олардың ата-аналары ұсталып қалудан және елден қуылудан қорқып, мектепке бермеген. Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің мәлімдеуінше бір жыл ішінде 6 мыңнан астам бала «қаңғыбас» ретінде тіркелген. Баспасөздің хабарлауынша, полиция қолға түсірген қаңғыбас балаларды уақытша қамауға алу орталықтарына жеткізеді, бұл жерде олар медициналық және психологиялық көмек алып, сосын бостандыққа жіберіледі немесе балалар үйіне орналастырылады.

Заңда барлық балаларға жынысына қарамай медициналық көмек беріледі делінген және іс жүзінде солай болды.

Балаларды қорлау туралы мәлімдемелер болды, бірақ олар қоғамда қалыптасқан әдетке айналмаған. Үкіметтік емес ұйымдар 14 жасқа дейінгі балалардың жартысынан көбі үлкендерден кем дегенде бір рет физикалық немесе психологиялық жәбір көргенін айтты. Балаларды жәбірлеу ауылдық аймақтарда көбірек орын алды. ПМ өткен жыл ішінде балаларына жәбір көрсеткен 923 адамды ата-аналық құқықтарынан мүлдем айырды. Жасы 16-ға толған не одан үлкен балалар өз мүдделерін қорғап, тікелей сотқа шағымдана алады.

ҮЕҮ-дар жетімдер үйлерінде, интернаттарда, жасы кәмелетке толмаған заң бұзушыларға арналған қамау орындарындағы балалардың зорлық-зомбылық көру жайттары артқанын мәлімдеді. БАҚ-тың хабарлауынша заң бұзған балаларды арнайы түзету орындарына (кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған түрмелерге) заңсыз орналастыру орын алды. Оқушыға күш қолданғаны үшін мұғалім айыпты деп танылған және тәртіп бұзғаны үшін оқушы жеңіл-желпі жаза алған бірнеше оқиға болды.

Маусым айында Зыряновскідегі ақыл-есі кем балаларға арналған мектеп-интернаттың ұстазы Д. Сейітқанов «кәмелетке толмаған балаларға білім беру міндетін лайықты атқармағаны және оларға күш қолданғаны» үшін жауапқа тартылды. Сот Сейітқановты бір жылға жүріп-тұру бостандығынан айырып, оның екі жыл білім беру саласында жұмыс істеуіне тыйым салу жөнінде үкім шығарды.

Адам саудасы

Заң адам саудасының барлық түрлеріне тыйым салғанымен, бұл үлкен мәселе күйінде қалып отыр. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздері адам саудасына қатысы бар деп айыпталып, тергелген оқиғалар болды, олардың біреуі сотталды.

Қазақстан адам саудасымен айналысатындардың ресурстық көзіне, уақытша аялдайтын немесе негізгі сапар шегетін еліне айналды. Ел ішіндегі адам саудасы да үлкен мәселе күйінде қалды. Саудаға түскен адамдарды ел аумағына әкелу, немесе сыртқа әкету, немесе өзге бір елдің саудаға түскен азаматтарын ел аумағы арқылы алып өту, және елдің өз ішінде адам саудалау оқиғалары болды. Халықаралық көші-қон ұйымының пайымдауынша, жыл сайын Қазақстанның 200 мың азаматы адам саудасының құрбаны болады, оның 76 пайызы - ел ішіндегі адам саудасының құрбандары. Көптеген үкіметтік емес ұйымдар адам саудасы құрбандарының көптеп анықталып жатқанын хабарлады, ол жұртшылықтың осы мәселе туралы көбірек хабардар бола бастағанының арқасы болса керек. ІІМ жыл ішінде адам саудасының құрбаны болған Қазақстанның және шетелдің 44 азаматын тіркеген. ХКҚҰ-ның мәлімдеуінше мұндай қылмыстардың тек төрттен бірі ғана полицияға хабарланады. Адамдар көбіне Біріккен Араб Әмірліктеріне (БАӘ), Түркияға, Израильге, Оңтүстік Кореяға, Грекияға, Ресейге және Батыс Еуропаға құлдық/күндікке және сексуалдық малайлыққа сатылған. Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Тәжікстан, Украина мен Оңтүстік Азиядан құлдық/күндікке және сексуалдық малайлыққа сатылып алынған ерлер мен әйелдер Қазақстанға әкелініп, сосын басқа елдерге сатылды.

Адам саудасымен айналысатындар сексуалдық малайлыққа жасөспірім қыздар мен жасы жиырмань ішіндегі әйелдерді таңдаған. ІІМ-нің мәліметінше, кейбір әйелдер адам саудалаушылардың «шетелде тұрмысқа шығасың, жұмысқа тұрасың» деген уәделеріне иланып, сол қатарға қосылған. Адам саудасымен айналысатындар саяхат агенттіктері, жұмыс беру мекемелері мен сән фирмалары әйелдерді көбіне шетелден табысы мол жұмыс тауып береміз деген жарнамамен алдап тартқан. . Адам саудасына бұрын түскен әйелдер жаңа құрбандарды қатарларына өздері тартыпты деген ақпарлар бар. Адам саудасының құрбандарының кейбіреуі өздерінің жезөкше ретінде жұмыс істеуге бара жатқандықтарын білген немесе сезіктенген, бірақ күн жағдайында жұмыс істейміз деп күтпеген. Адам саудасына түскен адамдардың көпшілігі Өзбекстаннан болған, олар шетелдерден алынған жалған төлқұжаттар арқылы сапарға шыққан.

Әйел саудасы үлкен мәселе болып қала берді. Жекелеген адамдар Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Түркия, Израиль, Оңтүстік Корея, Грекия, Ресей және Батыс Еуропаға құлдыққа және сексуалдық малайлыққа сатылды.

Жынысына қарамастан, әсіресе жетімдер үйінде өскен жасөспірімдер мен ауылдар мен экономикалық күйзеліске ұшыраған аймақтардың тұрғындары көбірек саудаға түскен.

Көрші елдерден Қазақстанға күштеп жұмысқа салу үшін әкелінген ерлердің саны азайды. ПМ мен ХКҚҰ-ның пайымдауынша бұған халықтың бұл мәселе жөнінен хабарының артуы және қаржы дағдарысына байланысты құрылыстағы жұмыс күшіне сұраныстың төмендеуі себеп болған. Құрылыс жұмысшыларын Астана мен басқа қалаларға әкелетін ұйымдасқан қылмыстық топтар туралы сенуге тұрарлық мәліметтер болды. Саудаға түскен жұмысшыларды жұмысқа алушылар мен адам саудасымен айналысушы делдалдар әдетте ондай адамдардың төлқұжаттарын алып қойған. Жәбірленушілер олардың қарызбен кіріптар ету, зорлық-зомбылық көрсету немесе күш қолданамыз деп қорқыту амалдарын қолданғанын мәлімдеді. Үкіметтік емес ұйымдар адам саудасының барлық түрлеріне ұйымдасқан қылмыстық топтардың қатысы болды деп күдіктенді.

Үкімет 2 сәуірде 2010-11 жылдары Адам саудасымен күресудің ұлттық іс-әрекет жоспарын қабылдады, жоспар адам саудасына қарсы тұру жауапкершілігін Әділет, Ішкі істер, Сыртқы істер, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Білім беру, Мәдениет және ақпарат, Спорт министрліктеріне және ҰҚК, Отбасы мәселелері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссияға және Бас прокуратураның мойнына артты.

Адам саудасымен айналысқандар жеті жылға дейін түрмеге жабу жазасына кесіледі. Егер жәбірленуші кәмелеттік жасқа толмаған болса, қылмыскер 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Егер жәбірленуші шетелде саудаға түскен болса, жаза 10 жылға ауырлайды, ал мұндай жәбірленуші кәмелеттік жасқа толмаған болса, жаза мөлшері 12 жылға көбейеді. Егер адам саудасына ұйымдасқан қылмыс топ қатысқан болса, жәбірленуші қаза тапса не ол «ауыр зардапқа» ұшыраса, қылмыскер 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Адам саудасына байланысты айыптау үкімі шығарылған істердің саны артты. Жылдың алғашқы 11 айының ішінде полиция қызметкерлері адам саудасына қатысты жаңа 20 қылмыстық оқиғаны, ал кәмелеттік жасқа толмағандарды саудаға салған 16 істі тіркеді. Бұл істердің 24-і сотқа жетті.

Үкімет Қазақстан азаматтары саудаға түскен шет мемлекеттердің және азаматтары Қазақстанға әкелініп, саудаға салынған елдердің билік органдарымен ынтымақтаса жұмыс істеді. Мемлекеттің шет елдердегі елшіліктері адам саудасы құрбандарына көмек көрсетті. Сыртқы істер министрлігі 2008 жылдың алғашқы тоғыз айында сегіз азаматтың елге оралуына жәрдемдесті. Жылдың аяғына дейін елге оралу үшін жәрдем алған азаматтар саны жайлы мәлімет болған жоқ.

Билік органдары қызметкерлерінің адам саудасына қатысы болғаны туралы айғақ жоқ, дегенмен, құқық қорғау органы қызметкерлерінің, оның ішінде көші-қон және шекара қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлықтың етек алуы адам саудасының өршуіне үлес қосты.

Заң адам саудасы құрбандарының аман-есен елдеріне оралуын және адам саудасы қылмысының ашылуына қатысуын қамтамасыз ету үшін оларға уақытша тұрғын мәртебесін береді. Осы заң негізінде үкімет адам саудасы құрбандарын заңсыз мигрант қатарына қосқан жоқ және оларға елден қуу және басқа да жазалау шараларын қолданған жоқ. Саудаға түскен шетелдік азаматтармен жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдар анықталған құрбандарды елдеріне қайтаруда үкіметтің әкімшілік қолдау көрсеткенін айтты.

Үкімет құрбандарды бегілілі бір дәрежеде қорғап, оларға көмектескенімен, құрбандарға қажетті жәрдем беруде айтарлықтай кемшіліктер әлі де көрініс тауып отыр. Үкімет жылдың алғашқы тоғыз айында қылмыстық сот әрекетіне қатысқан адам саудасының құрбандарына қаржылай көмек берді. Мұндай көмектің қатарына олардың қауіпсіздігін қорғау, азық-түлікпен, тұрғынжаймен қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсету кіреді. Үкіметпен арада қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандум бойынша қоғамдық ұйымдар құқықтық және материалдық көмек пен кеңес беретін екі дағдарыс орталығын ашты. Үкімет кей кездері қоғамдық ұйымдарға арзан бағаға ғимараттарды жалға беру сияқты кішігірім көмек көрсетті. Үкіметтік емес ұйымдар адам саудасы құрбандарына жәрдемдесу ісін үйлестіруде үкімет қызметкерлерімен негізінен ынтымақтастықта жұмыс істегендерін айтты.

Адам саудасы құрбандарының қылмыс туралы хабарлап, ақпарат алып отыруы үшін Әділет министрлігі ашқан арнайы республикалық телефон желілері жұмыс істеп тұрды. Үкімет құқық қорғау органдары мен басқа мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне арнап олардың адам саудасы жайттарын анықтау, тергеу және айыптаудағы біліктілігін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастырды. ПМ көші-қон және криминалдық полиция қызметкерлеріне «Заңсыз көші-қон мен адам саудасына қарсы күрес мамандарын оқыту орталығындағы» жан-жақты дәріс беру шарасын әрі қарай жалғастырды.

ПМ қонақүйлердің, сауналардың және жұмыс беру агенттіктерінің адам саудасына қатыстылығын тексеріп отырды. Бас прокуратура туристік агенттіктерді лицензия алуға міндеттеді және адам саудасына қатысы бар агенттіктерді анықтау үшін жыл бойы тексеріс жүргізді.

Үкімет адам саудасының алдын алу мақсатына бөлінетін қаржы көлемін арттырып, ақпарат құралдарын адам саудасына қарсы күрес шаралары туралы хабар таратып, оны насихаттап отыруға ынталандырды. Үкімет халықаралық ұйымдардың қоғамдық қызметі туралы хабарларын орыс және қазақ тілдерінде таратуын жалғастырды. Мемлекеттік және жекеменшік телерадио арналарына бұл хабарларды таратуға талап қойылды.

Білім министрлігі барлық орта мектептердің жоғарғы сыныптары мен колледждердің оқу бағдарламаларында адам саудасы тақырыбы қамтылғанын мәлімдеді. Осы министрліктің мәліметі бойынша, университеттердің көбінде өзге тақырыптарға қоса адам саудасы туралы мағлұмат беретін ақпараттық-сараптама орталықтары жұмыс істейді. Адам саудасы туралы тарау ұлттық іс-қимыл жоспарының бір бөлігі ретінде орта мектептерге арналған оқу бағдарламасына енгізілді.

Мемлекеттік департаменттің Адам саудасы туралы жылдық есебін www.state.gov/g/tip сайтынан оқуға болады.

Мүгедек адамдар

Заң еңбек, білім, денсаулық сақтау және өзге мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етуде мүгедек азаматтарды кемсітуге жол бермейді және компаниялардан жұмыс орындарының үш пайызын мүгедек адамдарға беруді талап етеді. Халықаралық және жергілікті бақылаушылар мүгедек адамдардың құқықтарын қорғаудың сапасы біраз жақсарғанын атап айтты. Десе де, мүгедектердің қоғамға етене араласып, жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болғаны туралы ақпараттар болды. Заң мүгедек адамдардың ғимараттарға кіріп-шығу мүмкіндігіне кепілдік береді. Еңбек министрінің орынбасары Әсел Нүсіпованың айтуынша, мүгедектердің көрген ең үлкен қиыншылықтарының бірі инфрақұрылымның жетіспеушілігі болса, екіншісі – білім алуға қолдарының жетпеуі. Мүгедек адамдар қоғамдық көлікті пайдалануда қиындық көрді. Бұл мәселелерді шешуге үкімет айтырлықтай күш салған жоқ.

Ақыл-есі кем азаматтар өзінің келісімінсіз не соттың шешімінсіз мемлекеттік емдеу орындарына жатқызылуы мүмкін. Дей тұрғанмен, іс жүзінде, үкімет ақыл-есі кем жас балаларды отбасы мүшелерінің келісімімен арнайы мекемелерге орналастырды. Бұндай мекемелер нашар ұйымдастырылған әрі тиісті деңгейде қаржыландырылмаған. Ақыл-есі кем адамдарға арналған ауруханалардағы емделушілердің құқықтарын реттейтін құжат жоқ; адам құқықтарын қорғаушылардың айтуынша, мұндай ереженің жоқтығынан емделушілер кемсітуге көп ұшырап жатады. Мүгедек және ақыл-есі кем балалар тұратын жетімдер үйлерінде балалар шектен тыс көп тоғытылған және олардың тазалығы нашар, әрі балаларға тиісті күтім көрсететін қызметкерлер жеткіліксіз деп хабарлайды үкіметтік емес ұйымдар өкілдері. Халықаралық адам құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның Қазақстандағы бюросы үкіметтің ақыл-есі кем адамдарға мүлдем дерлік көмек көрсетпейтінін айтты.

Үкімет мүгедек адамдардың дауыс беру құқықтарына шектеу қойған жоқ және мүгедектігінің кесірінен сайлау бөлімшелеріне бара алмаған адамдарға өз үйлерінде дауыс беруді ұйымдастырды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі – мүгедек адамдардың құқықтарын қорғауға жауап беретін басты мемлекеттік орган. Денсаулық сақтау және Білім министрліктері де мүгедектерді қорғауға атсалысады.

Ұлттық, нәсілдік немесе этникалық азшылық өкілдері

Үкімет жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерге орналастыруда қазақтарға басымдық беріп, басқаларды кемсітуін жалғастырды. Азшылық өкілдері этникалық қате түсініктер мен жаушылықты сезінді; қорлау мен кемсітушілікті бастан кешірді, кей жағдайларда кемсітушілік кикілжіңге ұласып жатты; жұмысқа тұру және жұмыс орнын сақтап қалу барысында кемсітуге ұшырады. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда өткен жылы мектепке алу барысындағы кемсітушіліктер туралы шағымдар аз түскен, сондай-ақ ұлтшыл ұйымдар мен ақпарат құралдарындағы ұлтшылдықты насихаттау туралы шағымдар саны да азайған.

Шетелдерден елге оралған ұлты қазақ миграттар (оралмандар) ел ішінде кемсітушілік көрді; кей кездерде мұндай кемсітулер шиеленіске әкеп соқтырды. 10 маусымда Мамайт ауылының бір топ жергілікті тұрғыны ауылда тұратын оралмандарға шабуыл жасады. Бірнеше адам жарақат алып, бірнеше үйге зақым келді. Істі тергеу нәтижесінде сегіз адам айыпты деп танылып, жергілікті әкім орнынан алынды.

Қазақ тілі - ресми мемлекеттік тіл, дегенмен, ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары орыс тілін қазақ тілімен тең қолдана алады. Тіл туралы заң азаматтардың өзге

тілдерде сөйлеу құқықтарына шектеу қоймастан, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуді көздейді. Заң бойынша мемлекеттік қызметке орналасу үшін қазақ тілін білу талап етілмейді, дегенмен, мемлекеттік органдардың көпшілігі істерін қазақ тілінде жүргізуге көшті, бұл қазақ тілінде сөйлемейтіндердің тілдік кемсітушілікке жол берілді деген наразылығын тудырды.

Сыни пікір білдірушілер кемсітушіліктің өзге түрлерінің қатарында үкімет құрамында ұлты қазақ емес адамдар санының аздығын, 20 кабинет мүшесінің тек біреуінің ғана өзге ұлт өкілі екенін және орыс мектептері санының азайғанын айтты.

Адамды жыныстық ориентациясы және жыныстық даралығы үшін қоғамдық қорлау, кемсіту және зорлық-зомбылық

Азаматтарды жыныстық ориентациясына қарап кемсіту туралы ресми статистикалық ақпарат болмағанымен, бұндай кемсітушіліктің орын алғаны туралы мәлімдемелер түсіп жатты. Халықаралық ұйымдар өкілдерінің айтуынша, оқшауланған топтар, соның ішінде лесбиандар, гейлер, бисексуалдар мен транссексуалдар (ЛГБТ) өкілдеріне қатысты жағымсыз қоғамдық пікір осы топтардың қоғамға араласуын қиындатты, соның салдарынан олар ВИЧ/СПИД бағдарламаларына қатысуда кедергілерге кездесті.

Елде гомосексуалдық әрекеттер заңсыз деп танылмағанымен, ЛГБТ топтарына жататындар, әсіресе гомосексуалист ерлер, қысымды бәрінен де көп көрді. Дәстүрлі емес жыныстық ориентациясы жария болған адамдарға соққыға жығылу, ауыр балағат сөз есту, жұмысынан айырылу немесе полиция және билік органдарының тарапынан тым көп мазалау қаупі төніп тұрады. Елде жұмыс істейтін көптеген ЛГБТ ұйымдарының мәлімдеуінше, үкімет қаржыландыратын ВИЧ ауруханалары кей кездерде ақпараттың құпиялығы ережесін бұзып, емделушілерінің жыныстық ориентациясын олардың отбасыларына және жұмыс орындарына хабарлаған.

Қоғамдық қорлау мен кемсітудің өзге түрлері

Заң ВИЧ/СПИД-пен ауыратын адамдарды кемсітуге тыйым салады. Алайда, бақылаушылар нашақорлар мен осы тектес қатер тобындағыларға қатысты қоғамда қалыптасқан стигмалар олардың ақпарат алу, қызмет түрлерін пайдалану, ем қабылдау және сауықтыру мекемелеріне тіркелу құқықтарына кері ықпалын тигізуде деп хабарлайды.

7 БӨЛІМ

Жұмысшылардың құқықтары

а. Ұйымдарға кіру құқығы

Заңда азаматтардың өз кәсіподақтарын еркін құрып, ұйымдастыру құқығы берілген. Ақпарат құралдарында кеңінен сөз болған Сәтбаев кен орнындағы оқиға мен 2008 жылдың қаңтар айындағы соның салдарынан болған ереуілден соң, үкімет еңбекшілердің өз жұмыс орындарындағы құқықтарын бұрынғыға қарағанда пәрмендірек қорғай алуын ынталандыру мақсатында кәсіподақтарды қолдайтын науқан жүргізді. Тәуелсіз кәсіподақ құрушылар мұны осы бағыттағы елеулі өзгеріс деп бағалады. Дегенмен, кәсіподақ ұйымдастырушылар үкіметтің ұйымдарға мүше болып кіру құқығын шектегенін және еңбекшілердің басым бөлігінің өздері қалаған кәсіподақ ұйымдарын құруға не сондай ұйымдарға кіре алмағанын

мәлімдеді. Үкімет еңбеккерлердің ұйымдасуына елеулі ықпал етіп отырды және тәуелсіз кәсіподақтардан гөрі үкіметке жақын кәсіподақтарға басымдық берді. Ел жұмысшыларының кем дегенде үштен бірі кәсіподақтарға мүше. Кеңес заманындағы мемлекет қаржыландырып келген еңбекшілер ұйымының мұрагері әрі елдегі ең ірі кәсіподақ бірлестігі болып табылатын Кәсіподақтар федерациясы іс жүзінде үкіметпен байланысты мекеме болып қала берді. Федерация 25 республикалық және 13 аймақтық кәсіподақтың басын біріктіреді. Өнеркәсіп одақтары мұнай-газ, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, білім беру, денсаулық сақтау секілді көптеген өнеркәсіп жұмысшыларының мүдделерін қорғады. Әр кәсіподақ өз басшысын сайлайды және Бас кеңеске өз өкілін жібереді, кеңес 14 мүшеден тұратын атқарушы комитетті сайлайды. Комитет федерацияның күнделікті жұмысын жүргізеді және әлеуметтік-экономикалық қорғау, жұмыс орнындағы қауіпсіздік, ұйымдастыру және халықаралық ынтымақтастық мәселелерімен айналысады.

Белгілі бір кәсіподақ заңды мәртебе алу үшін Әділет министрлігіне тіркеуге алу жөнінде өтініш тапсыруы тиіс. Тіркелу тәртібі негізінен өзге мүшелік ұйымдардың тіркелу тәртібіне ұқсайды.

Заң шетелдік кәсіподақтардың елде жұмыс істеуіне тыйым салады, шетелдік заңды бірлестіктердің және жеке тұлғалардың, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың қазақстандық кәсіподақтарды қаржыландыруына рұқсат етпейді.

Кәсіподақтарды кемсітушілікке тыйым салатын заң талаптары бойынша еңбекшілердің құқықтары қорғалады, бірақ іс жүзінде бұл құқықтың бұзылғаны жайлы мәліметтер бар. Мұндай құқық бұзушылықтардың қатарына жұмыстан шығарып жібереміз деп қорқыту, қоқан-лоққы жасау және ұрып-соғу сияқты жайттар кіреді. Жұмысынан айырылған адам жеңілделтілген медициналық көмек алу сияқты әлеуметтік жәрдемден айырылады.

БАҚ-тың хабарлауынша, жергілікті әкімшіліктер кәсіподақтардың жұмысын тоқтату үшін оларды қорқыту, физикалық тұрғыдан қоқан-лоққы көрсету және қысым көрсету әдістерін қолданған.

Ақтаудағы «ӨзенМұнайГаз» мұнай компаниясының менеджерлері 15 мамырда екі кәсіподақ белсендісін жұрт алдында соққыға жыққан. 20 тамызда белгісіз біреулер «Жөндеу» компаниясының кәсіподақ басшысы Ықылас Шәңгереевке кісіні өлтіруге қауқарсыз, бірақ кейбір деректерде адам өліміне әкеп соқтыратын шолақ мылтықтан оқ атқан. Бұл жайтта Шәңгереев тірі қалды. 19 тамызда Шәңгереев «ҚазМұнайГаздың» Бас директоры Ибрашевпен кездесіп, кәсіподақтың алдыңғы жылдардан бері қордаланып қалған наразылықтары жөнінде сөйлесті. Тәуелсіз кәсіподақ мүшелері кәсіподақ белсендісіне оқ ату оқиғасы Шәңгереевтің белсенді қоғамдық әрекетіне тікелей қатысы бар дегенді бір ауыздан айтып отыр.

Қаңтарда жергілікті билік органдары Еркін кәсіподақтар конфедерациясының басшысы Сергей Белкиннің 2008 жылдың желтоқсанында орын алған кәсіподақ вице-президенті Мұхтар Үмбетовті беттеріне маска киген біреулердің қатты соққыға жығу оқиғасының жай-жапсарын анықтау туралы өтінішін қабыл алды. Әлдекімдер түрлі еңбек дауларына белсенді араласып жүрген Үмбетовті 2008 жылдың қарашасынан бастап телефон арқылы қорқыта бастаған. Жылдың аяғына дейін полиция бұл істің нәтижелерін жариялаған жоқ.

ә. Ұйымдасу және ұжымдық ымыраласу құқығы

Заң кәсіподақтардың өз іс-шараларын кедергісіз жүргізу құқықтарын қорғады, және кәсіподақтар іс жүзінде қатарына жаңа мүшелер алу, жиналыс өткізу және еңбеккерлермен ұжымдық ымыраласуда еркін әрекет етті. Заң ұжымдық ымыраласуға және ұжымдық келісімдерге отыруға рұқсат етеді; кәсіподақтар мен бірлестіктер іс жүзінде бұл құқықты пайдалана алды. Жыл барысында үкімет ұжымдық ымыраласуға ынталандыру шараларын арттырды. Нәтижесінде Қазақстан кәсіподақтары федерациясы қыркүйекте кәсіподақтары бар кәсіпорындардың 95 пайызы ұжымдық ымыраласу келісімдеріне қол қойғанын хабарлады. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 2 пайызға артқан. Белсенділер көңілге сенім ұялататын осы беталысты құптағанымен, мұндай келісімдердің жедел аяқталуына саяси қысымның себепкер болатынын айтты.

Компания басшылары орындауға келіспеген талап-арыздарын кәсіподақтар үкімет, жұмыс беруші жақ және кәсіподақ өкілдерінен тұратын үшжақты комиссияға тапсырады. Бұл комиссияда үкімет бейтарап бітістіруші рөлін атқаруы керек, бірақ кейде оның кәсіподақ немесе жұмыс берушінің мүддесін қорғаған кездері болды. Үшжақты комиссия еңбек қатынастарының көп тұсына басшылық ететін жылдық келісімдер жасап, қол қоюға міндетті. Осы механизмнің арқасында жыл ішінде кәсіподақтар кейбір өнеркәсіп жұмысшыларының, атап айтқанда тау-кен және металлургия саласындағылардың ең төменгі жалақы мөлшерін өсіруге қол жеткізді. Ғаламдық экономикалық дағдарыс кезінде кәсіподақтар өндіріс талаптары күрт төмендеген өнеркәсіп орындарындағы еңбеккерлердің жұмыс орындарын сақтап қалуда маңызды рөл атқарды. Кәсіподақ басшылары елдің ең ірі болат шығарушы кәсіпорны – Қарағандының «Арселор Миттал» компаниясымен ұжымдық келісімге келді. Келісімге сәйкес жұмысшылар жұмыс орындарының қысқаруына жол бермеу мақсатында жалақыларын 14 пайызға қысқартып, бонустар мөлшерін азайтуға келісті.

Еңбек туралы заң бойынша жұмыс беруші мен қызметкер жұмысқа тұрушының жалақы мөлшерін және екі жақтың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін жеке келісім-шартқа отырады.

Заң ереуілге шығу құқығына кепілдік береді, бірақ бұл құқықты іске асыруға бірқатар заңнамалық шектеулер қойылған. Үкіметте ереуілге шығуға кейбір шектеулі жағдайларда ғана рұқсат беретін маңызды өндіріс орындары мен кәсіпорындардың тізімі бар. Жалпы алғанда, жұмысшылар еңбек дауы орындалуы міндетті төрелік процедуралардың көмегімен шешілмеген кезде ғана ереуілге шыға алады. Ереуілге шығатын жұмысшылар басшыларына міндетті түрде 15 күн бұрын ескерту беруі тиіс. Заң еңбеккерлерді заңсыз ереуілге қатысқаны үшін жұмыстан шығаруға рұқсат та бермейді, әрі бұған тыйым салмайды да. Жұмыс берушілердің іс жүзінде ереуіл ұйымдастыруға талпынған еңбеккерлерді негізсіз себептермен жұмыстан босатқандары жайлы хабарламалар болды. Қыркүйекте Алматыдағы электр машина жөндеу зауытының басшылығы жалақыны көтеру және зауытты жергілікті азаматтардың қолына өткізу туралы талап қойып, 30 маусым мен 2 шілде аралығында бүкіл зауыт деңгейінде ереуіл ұйымдастырғаны үшін Есенбек Өткешбаевты жұмыстан шығарды.

Елде экспорттық мақсатта бажсыз шикізат өңдеу аймақтары жоқ.

б. Күштелген немесе міндеттелген еңбекке тыйым салу

Сот үкімімен не төтенше немесе әскери жағдайларда ғана болмаса еңбекке күштеу немесе міндеттеу заңға қайшы келеді. Бірақ орын алған бұндай жайттар туралы хабарламалар болды.

Кейбір жұмыс берушілердің жұмысшылардың төлқұжаттарын тартып алу не болмаса қарызға отырғызу, зорлық–зомбылық көрсету және жұмысқа күштеу үшін қорлаймыз деп қорқыту амалдарын пайдалану арқылы оларды қорлағаны туралы мәлімдемелер болды. Мигрант жұмысшылардың көбі Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстаннан келген және олар көбіне ауыл шаруашылығында немесе құрылыс саласында еңбек етеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мигранттардың мәселелерімен айналысуға міндетті.

в. Бала еңбегіне тыйым салу және жұмысқа тұруға қажетті ең төменгі жас мөлшері

Заң балаларды жұмысқа жегілуден қорғайды. Жұмысқа тұру үшін адамның жасы кем дегенде 16-да болуы тиіс; 14 пен 16 жас аралығындағы балаларға ата-аналарының рұқсатымен денсаулығына зиянды емес немесе білім алуына кедергі болмайтын жеңіл жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Заң, сондай-ақ, жасы 18-ге жетпеген жұмыскерлердің жұмыс күнінің мөлшерін де шектейді. Үкімет жасы 16-дан асқан адамдардың ғана жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін тексерістер жүргізді, бірақ заң талабы біркелкі жүзеге асқан жоқ.

Үкімет жұмыс берушілердің ұлттық қауымдастықтарымен күштеп еңбекке жегуді және бала еңбегінің ең ауыр түрлерін жоюды, балалар мен олардың жанұяларына баламалы жұмыс түрлерін қалыптастыруды міндеттейтін келісімге отырды. Білім министрлігінің 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» атты бағдарламасы бала еңбегін қанау мәселелерін қамтыды. Дей тұрғанмен, қоғамдық ұйымдар үкіметтің бұл шаралары бала еңбегі мәселесін, әсіресе мақта өндірісінде бала еңбегін пайдалану мәселесін толық шешуге жеткіліксіз деді.

Үкімет бала еңбегі жөнінде статистикалық ақпарат жүргізген жоқ. Үкіметтік емес ұйымдар мен белсенділер бала еңбегінің ауылшаруашылық аймақтарда, әсіресе егін науқаны кезінде жиі қолданылғанын хабарлады. Балалар мақта және темекі өсірумен шұғылданған. Мақта және темекі өндірісінде балалардың еңбегі жөніндегі статистиканың жоқтығына қарамастан, үкіметтік емес ұйымдардың зерттеулері осы жұмысқа араласқан балалардың 70 пайызы Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген мигранттар отбасыларынан шыққан балалар деп тапты. Еңбек жағдайлары балалардың денсаулығына жиі қатер төндірді, және кейбір балалар дұрыс тыныстанып, тамақтана алмаған. Еңбек ететін балалардың көбінің ауылшаруашылық ісінде пайдаланылатын зиянды химиялық заттар мен ауыр климаттық жағдайлардан қорғайтын дұрыс киімі болмаған. Халықаралық еңбек ұйымының мәлімдеуінше, 2008-2009 жылдары олар мақта өндірісінде еңбек етіп жүрген 9 бен 17 жас аралығындағы 900 баланы тіркеген. Ал қалалық жерлерде заңдастырылған еңбек нарығының өсуі бала еңбегі түрлерінің азаюына әкеп соқтырды. Дегенмен, балалардың қайыр сұрайтыны, базарларда жүк түсіріп-таситыны, көлік жуатыны және жанармай құю орындарында жұмыс істейтіні туралы хабарламалар болды. Сондай-ақ, балалардың жезөкшелік пен порнографияға жегіліп, қаналғаны туралы да мәлімдемелер болды.

Еңбек министрлігі бала еңбегі туралы заң-ережелердің сақталуына және айыппұл арқылы жазаланатын әкімшілік заңбұзушылықпен күресуге жауапты. ПИМ қылмыстық істерді тергеуге міндетті. Үкімет жылдың алғашқы 10 айында заңсыз бала еңбегіне қатысты қылмыс болмағанын мәлімдеді. Үкімет бала еңбегінің алдын алуда халыққа мағлұмат беріп, мекемелер арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету үшін кәсіподақтармен, жұмыс берушілермен және қоғамдық ұйымдармен тізе қосып жұмыс істеді.

Бала саудасы мәселесі шешілген жоқ. Бұл өзекті мәселе қатарында болмағанымен, жергілікті және халықаралық белсенді қоғамдық ұйымдардың мәлімдеуінше, балалар әсіресе

елдің оңтүстік аймақтарында мақта және темекі өндірісімен айналысатын маусымдық жұмыстарға жегілген. Балаларды мақта және темекі өндірісінде пайдалану жайында сенуге тұрарлық статистикалық мәліметтер болмағанымен, үкіметтік емес ұйымдардың айтуынша бұл жұмысқа жегілген балалардың 70 пайыздан астамы Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген еңбек мигранттарының отбасыларынан шыққан. Халықаралық еңбек ұйымының мәлімдеуінше 2008-2009 жылдары мақта алқаптарындағы жұмысқа жегілген 900 баланың тіркелгенін хабарлады. Балалар құқықтарын қорғау комитеті 1-12 маусым аралығында жұртшылыққа мағлұмат беретін «Балалар еңбегіне қарсы 12 күн» атты ұлттық науқан жүргізді.

г. Лайықты еңбек жағдайы

Ресми түрде бекітілген айлық жалақының ең төменгі мөлшері - 13 717 теңге (шамамен 91 АҚШ доллары), бұл қаржы жұмысшы мен оның отбасының өмір сүруіне жеткіліксіз. Әдетте жұмысшы отбасыларында бірден көп адам жалақы алады, ал қалалық жерлердегі жұмысшылардың көбінің жалақысы төменгі жалақы мөлшерінен жоғары болды. Соңғы бірнеше жыл ішінде алғаш рет ең төменгі жалақы мөлшері ең төменгі күнкөріс шегінен (12 700 теңге, шамамен 84 доллар) асып түсті.

Заңда апталық еңбек уақыты 40 сағаттан, ал ауыр дене еңбегі немесе қауіпті жұмыс 36 сағаттан аспауы керек делінген. Заң бір календарлық күнде екі сағаттан артық немесе ауыр жұмыста істейтіндер үшін бір сағаттан артық қосымша жұмыс істеуге тыйым салады және белгіленген уақыттан артық жұмысқа төленетін ақы апталық жалақының бір жарым есе көлемінен төмен болмауын талап етеді. Зиянды жағдайларда еңбек ететіндерге белгіленген уақыттан артық жұмыс істеуге тыйым салынған. Заң бойынша еңбек келісім-шарттарында әр жұмысшының жұмыс және демалыс, мейрам күндерінің ұзақтығы және жыл сайынғы ақылы демалыс уақытын көрсетуге болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ең төменгі жалақының, шектеулі еңбек уақытының және белгіленген уақыттан артық жұмыс мерзімінің еңбек заңына сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау саласындағы белсенділер кейбір жұмыс берушілердің бұл заң-ережелерді жиі бұзғанын айтты.

Заң бойынша азаматтар қауіпсіз және тазалық талаптарына сай еңбек жағдайында жұмыс істеуге қақылы, бірақ өнеркәсіп, ауылшаруашылық және құрылыс салаларындағы еңбек және қауіпсіздік жағдайлары көбіне стандарттарға сай болмады. Зауыт жұмысшылары әдетте қорғаныш киімін кимей, қараңғы және ауасы тазартылмайтын жерлерде жұмыс істеді.

Басшылардың жұмыс орындарында денсаулық және қауіпсіздік ережелеріне мән бермегені туралы мәлімдемелер болды. Министрлік өткен жылдың алғашқы он бір айында 20 421 тексеріс жүргізіп, 94 738 денсаулық және қауіпсіздік стандарттарын бұзу жайттарын анықтағанын хабарлады. Аталмыш министрлік жүргізген тексерістермен қоса, кәсіподақтар жұмысшылары кәсіподаққа біріккен өндіріс орындарын тексеріп, нәтижелерін билік органдарының қарауына берді. Заң жұмыс берушілерден жұмысшылардың өмірі немесе денсаулығына қауіпті жұмысты тоқтатуды, жұмысшыларға зиянды және қауіпті еңбек жағдайы мен ықтимал кәсіби сырқаттар туралы ескерту жасауды талап етеді. Заң жұмысшылардың жұмыстан шығып қалудан қауіптенбестен, өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайлардан аулақ болуына ерекше кепілдік береді. Жұмыстарынан айрылып

қалу қауіпі болғандықтан, кейбір жұмысшылар, әсіресе құрылыс саласындағы еңбекшілер бұл құқықтарын еркін пайдалана алған жоқ.

Үкімет жылдың алғашқы 11 айында 1811 адамның жұмыс орнында жарақат алғанын мәлімдеді; ал 2008 жылдың алғашқы 6 айында жұмыс орнында жарақат алған 2184 адам тіркелген болатын. Үкімет жылдың алғашқы 11 айында 298 адамның жұмыс орнында қаза тапқанын хабарлады. Ал 2008 жылдың алғашқы алты айында 117 адам қаза тапқан. Бұл жұмыс орнында мертліккендер санының көбейгенін көрсетеді. Кәсіподақтар федерациясы басшылығының айтуынша, осы өлімнің көпшілігіне ескірген құрал-жабдық, кеңес заманынан қалған инфрақұрылым, кен және металлургия салаларында қауіпсіздік ережелеріне көп көңіл бөлінбеуі себепкер болған.